ЗАҢ газеті

zangazet@mail.ru

№ 76 (3903)
9 қазан 2026

ZANMEDIA.KZ


Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

4-БЕТ



Түсініксіз тіл қолданысты кеңейтпейді

6-БЕТ



Педагог – құқықтық мәдениеттің негізін қалаушы


8-БЕТ



Медбикенің мінәжаты

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ШЕТЕЛГЕ ЖҰМЫС ІЗДЕП КЕТКЕН АЗАМАТТЫ КІМ ҚОРҒАЙДЫ?



Жоғары жалақы, тегін баспана, жол шығынын өтейтін жұмыс беруші. Шетелдегі еңбекке шақыратын осындай ұсыныстардың артында нақты жұмыс орны да, адамның сенімін пайдаланатын қауіпті схема да тұруы мүмкін.

(Жалғасы 3-бетте)

САРАП

Қазіргі уақытта цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы адамның күнделікті өмірінің барлық салаларына елеулі өзгерістер енгізуде. Мемлекеттік қызметтерді электрондық форматқа көшіру, онлайн-банкинг, электрондық сауда, әлеуметтік желілер және цифрлық платформалардың кеңінен қолданылуы адамның жеке басына қатысты ақпараттың үлкен көлемінің электрондық ортада жинақталуына алып келді. Осы жағдайларда дербес деректердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесі ерекше маңызға ие.

ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕРДІҢ ЗАҢСЫЗ ТАРАЛУЫ – ЦИФРЛЫҚ ҚОҒАМНЫҢ ЖАҢА ҚАТЕРІ

«Дербес деректер және оларды қорғау туралы» заңның 1-бабы 2-тармағына сәйкес, дербес деректер – дербес деректердің бір немесе бірнеше сәйкестендіргішімен толықтырылған, дербес деректер субъектісі туралы мәліметтер немесе мәліметтер жиынтығы болып табылады. Қазақстан Республикасының дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнамасын бұзу заңға сәйкес жауаптылыққа әкеп соғады.

Дербес деректерді заңсыз жинау, сақтау, пайдалану немесе тарату азаматтың жеке өміріне қол сұғуға ғана емес, оның мүліктік және өзге де құқықтарының бұзылуына әкелуі мүмкін. Мысалы, адамның жеке сәйкестендіру деректерін заңсыз пайдалану алаяқтық әрекеттерге, банк шоттарына қол жеткізуге немесе адамның атына заңсыз қаржылық операциялар жасауға себеп болуы ықтимал. Сондықтан дербес деректерді қорғаудың тиімді құқықтық тетігін қалыптастыру қазіргі қылмыстық саясаттың маңызды бағыттарының бірі болып табылады.

Дербес деректер – белгілі бір адамға қатысты немесе оның сәйкестендірілуіне мүмкіндік беретін ақпарат болып табылады. Қазіргі цифрлық ортада мұндай ақпараттың қатарына адамның аты-жөні, жеке сәйкестендіру нөмірі, тұрғылықты жері, телефон нөмірі, электрондық поштасы, биометриялық мәліметтері, фото және бейне материалдары, қаржылық ақпараттары және басқа да мәліметтер жатуы мүмкін.

Дербес деректердің ерекшелігі – олардың бір ақпараттық массивке біріктірілуі адамның жеке басы туралы толық цифрлық бейне қалыптастыруға мүмкіндік береді. Сондықтан дербес деректердің заңсыз айналымы адамның жеке өміріне қол сұғушылық қаупін арттырады. Дербес деректерді қорғау тек әкімшілік немесе азаматтық-құқықтық шаралармен шектелмеуі тиіс. Қоғамға қауіпті, кінәлі түрде жасалған және елеулі зиян келтіретін әрекеттер қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларын талап етеді.

Дербес деректерге қатысты заңсыз әрекеттер әртүрлі қылмыстық құқық бұзушылықтардың құрамында көрініс табуы мүмкін. Мысалы, бөтен адамның деректерін пайдалану алаяқтықпен, заңсыз ақпарат жинаумен, компьютерлік жүйеге заңсыз қол жеткізумен немесе өзге де құқыққа қайшы әрекеттермен ұштасуы ықтимал. Осыған байланысты құқық қолданушы үшін дербес деректермен байланысты әрекеттің нақты құқықтық табиғатын дұрыс анықтау маңызды.

Дербес деректердің заңсыз таралуы – цифрлық қоғамның жаңа қатері. Әлеуметтік желілер мен мессенджерлердің кең таралуы дербес деректердің бақылаусыз таралу қаупін арттырды.

(Жалғасы 2-бетте)

КЕЛБЕТ

ӘДІЛДІК ЖОЛЫ – ҰРПАҚҚА ҮЛГІ

Қазақстанның сот жүйесінің дамуына өлшеусіз үлес қосқан, ғұмырын сот билігін жандандыруға арнаған абзал азаматтардың еңбегі көпке үлгі. Сот жүйесінде өзіндік ізін қалдырғандар арасында менімен қатар еңбек еткен бірқатар әріптесім де бар. Еңбек жолын қатардағы судьядан бастап еліміздің Жоғарғы Сотының судьясына дейінгі қиын да жауапты белестерден өтіп, әділ төрелігімен ортасына абыройлы болған әріптесімнің бірі – Төлебай Әжібекұлы ҚОЖАН. Құрметті отставкаға шыққан беделді би бүгінде жетпіс жасқа толып отыр.



Төлебай Әжібекұлы 1956 жылы 17 қазанда қасиетті Түркістан өңірінің Мақтаарал топырағында көп балалы отбасында дүниеге келген. «Әжібек әке осы баласы өмірге келгенде атағы бүкіл қазақ даласына жайылған Төле би бабамыздай болсын деп ырымдаған болар. «Би болсын, би болмаса да би түсетін үй болсын» деп жақсылыққа жақын жүретін қазақпыз ғой. Оның үстіне, баласын әділдіктің алдаспаны атанған, тура сөйлеп тіліп төрелік айтатын Төле бидей дана болсын деп армандамайтын қазақ жоқ шығар, сірә. Әжібек әке де ұлына би-бабаның жолын, даңқын тілегені анық. Бірақ арманшыл әке тағдыр деген құдіреттің баласының маңдайына елге белгілі би болып, билік жасауды жазғанын болжай алмады.

Мектеп жасында-ақ Төлебай Әжібекұлы өзінің еңбекқорлығымен көзге түсті. Оған ұлдарын кішкентайынан жұмысқа араластырған әке талабы да түрткі болса керек. Әлі он жасқа толмаған Төлебай жазғы демалыста егін даласында мақта жинады, еңбекпен шынықты.

Ол кезеңде табиғаты керемет Мақтаарал ауданы мақта өсірумен айналысып, аудан тұрғындары Кеңес одағы Коммунистік партиясы орталық комитетінің мақта өнімдерін көбейту туралы тапсырмасын орындау үшін аянбай еңбек етіп, тер төгіп жатқан уақыт еді.

Бір әңгімесінде Төкең: «Ауыл шаруашылығымен айналысатын өңірде туып өскен, жерді күтіп-баптаудың қыр-сырын жақсы білетін, егін, мақта егудің жолдарын көріп өскен мен мектепті аяқтаған соң Мәскеуден бір-ақ шықтым. Таңдауым да анау-мынау институт емес, сол кездегі ауылшаруашылық мамандарын дайындайтын Кеңес Одағындағы ең жоғары оқу орны – Мәскеу ауыл шаруашылық академиясы еді.

(Жалғасы 5-бетте)

САРАП

ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕРДІҢ ЗАҢСЫЗ ТАРАЛУЫ – ЦИФРЛЫҚ ҚОҒАМНЫҢ ЖАҢА ҚАТЕРІ

(Соңы. Басы 1-бетте)



Нұргүл КЕНДИРБАЕВА,
Ұлытау облысы қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы

Адамның телефон нөмірі, мекенжайы, фотосуреті немесе басқа да жеке ақпараты интернетте жарияланған жағдайда, оны қайта тарату өте қысқа уақыт ішінде жүзеге асуы мүмкін. Мұндай жағдай жәбірленуші үшін моральдық зиянмен қатар, мүліктік залалға және басқа да құқық бұзушылықтарға әкелуі ықтимал.

Мәселен, алаяқтар азаматтың жеке деректерін пайдалана отырып, оның атынан несие рәсімдеуге немесе банк операцияларын жүргізуге әрекет жасауы мүмкін. Осыған байланысты дербес деректерді ұрлау мен оларды кейіннен қылмыстық мақсатта пайдалану арасындағы байланысты құқықтық тұрғыдан нақты бағалау қажет.

Бүгінгі күні цифрлық технологиялардың дамуы киберқылмыстың жаңа түрлерінің пайда болуына жағдай жасап отыр. Дербес деректерді заңсыз иемдену көбіне киберқылмыстың бастапқы кезеңі ретінде көрінеді. Қылмыскер алдымен адамның жеке ақпаратын жинап, кейін оны әлеуметтік инженерия, фишинг, алаяқтық немесе ақпараттық жүйелерге заңсыз кіру үшін пайдалануы мүмкін. Осы тұрғыдан алғанда дербес деректерді қорғау киберқылмыстың алдын алудың маңызды элементі болып табылады.

Құқық қолдану тәжірибесінде бірнеше мәселе туындауы мүмкін. Біріншіден, дербес деректерге қатысты заңсыз әрекеттердің әртүрлі қылмыстық құқық бұзушылықтармен ұштасуы оларды дұрыс саралауды қиындатады. Екіншіден, цифрлық дәлелдемелерді жинау және бекіту мәселесі өзекті болып отыр. Үшіншіден, қылмыстың нақты субъектісін анықтау кей жағдайда қиын. Себебі деректерді тарату бірнеше елдің аумағында орналасқан серверлер немесе платформалар арқылы жүзеге асуы мүмкін. Төртіншіден, жасанды интеллект және автоматтандырылған ақпараттық жүйелердің дамуы дербес деректерді өңдеудің жаңа нысандарын қалыптастыруда. Сондықтан дәстүрлі құқықтық тәсілдермен қатар цифрлық орта ерекшеліктерін ескеретін құқықтық механизмдер қажет.

Дербес деректерді қылмыстық-құқықтық қорғауды жетілдіру және дербес деректерді тиімді қорғау үшін мынадай бағыттарды қарастыру қажет. Яғни, дербес деректерге қатысты қылмыстық құқық бұзушылықтардың қоғамдық қауіптілік деңгейін ескере отырып, оларды саралау тетігін жетілдіру, дербес деректерді заңсыз жинау, пайдалану немесе тарату кезінде келтірілген зиянды бағалау критерийлерін нақтылау, цифрлық дәлелдемелерді жинау мен бекітудің процессуалдық кепілдіктерін жетілдіру маңызды және трансшекаралық сипаттағы дербес деректер қылмысына қатысты халықаралық құқықтық ынтымақтастықты күшейту, дербес деректерді заңсыз пайдаланудан зардап шеккен адамдардың құқықтарын қалпына келтіру механизмдерін күшейту, сондай-ақ, жәбірленушінің құқықтарын қорғау қажет.

Дербес деректерді заңсыз пайдалануда адамның құқықтарын қорғау тек кінәлі адамды жауапқа тартумен ғана шектелмеуі тиіс. Бұл орайда жәбірленуші үшін заңсыз жарияланған немесе таратылған ақпаратты жою, оның одан әрі таралуын тоқтату, келтірілген мүліктік және моральдық зиянды өтеу маңызды. Осыған байланысты қылмыстық іс жүргізу шеңберінде жәбірленушінің құқықтарын қорғау мен цифрлық ақпараттың әрі қарай таралуына жол бермеу тетіктерін жетілдіру қажет.

Цифрландыру жағдайында дербес деректер адамның жеке өмірінің ажырамас бөлігіне айналып отыр. Сондықтан оларды заңсыз жинау, пайдалану, тарату жеке тұлғаның құқығы мен заңды мүддесіне елеулі қауіп төндіреді. Бұл ретте, дербес деректерді қорғаудың тиімділігі тек қылмыстық жауаптылықтың болуымен емес, құқық бұзушылықты уақытылы анықтау, дәлелдемелерді дұрыс жинау, кінәлі тұлғаны анықтау және жәбірленушінің бұзылған құқықтарын қалпына келтіру мүмкіндігімен бағалануы тиіс.

Қазіргі жағдайда дербес деректерді қорғау саласындағы қылмыстық-құқықтық саясат цифрлық технологиялардың даму қарқынына сәйкес жетілдірілуі қажет. Осыған байланысты Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру кезінде дербес деректерді заңсыз пайдаланудың жаңа тәсілдерін, киберқылмыстың трансшекаралық сипатын, цифрлық дәлелдемелердің ерекшеліктерін және жәбірленушілер құқықтарын қалпына келтіру қажеттілігін ескеру маңызды.

> *Дербес деректерді заңсыз пайдалануда адамның құқықтарын қорғау тек кінәлі адамды жауапқа тартумен ғана шектелмеуі тиіс. Бұл орайда жәбірленуші үшін заңсыз жарияланған немесе таратылған ақпаратты жою, оның одан әрі таралуын тоқтату, келтірілген мүліктік және моральдық зиянды өтеу маңызды. Осыған байланысты қылмыстық іс жүргізу шеңберінде жәбірленушінің құқықтарын қорғау мен цифрлық ақпараттың әрі қарай таралуына жол бермеу тетіктерін жетілдіру қажет.*

ПАЙЫМ

АЛҚАБИЛЕР ҚҰРАМЫН ЖАСАҚТАУДЫ ЖЕТІЛДІРУ МҮМКІНДІКТЕРІ

Сот төрелігін одан әрі жетілдіру, сот жүйесінің институционалдық тұрақтылығын қамтамасыз ету және азаматтардың сот төрелігін жүзеге асыру процесіне қатысуының құқықтық нысандарын дамыту қазіргі заманғы құқықтық мемлекетті қалыптастырудың маңызды бағытының бірі. Осы тұрғыдан алғанда, алқабилер институты қылмыстық сот ісін жүргізу саласындағы азаматтардың сот төрелігін жүзеге асыруға қатысуын қамтамасыз ететін ерекше процестік-құқықтық тетік.

Алқабилер институтының қалыптасуы мен оның сот практикасына енгізілуі сот төрелігінің жариялылығы, ашықтығы және қоғамның сот билігіне қатысу қағидаттарын іске асырумен тығыз байланысты. Алқабилердің сот талқылауына қатысуы кәсіби судьяның құқық қолдану қызметін алмастырмайды, керісінше, заңда белгіленген процестік шектерде азаматтардың қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысуын қамтамасыз ететін ерекше құқықтық нысан ретінде көрініс табады. Осы институттың тиімді жұмыс істеуі сот төрелігін жүзеге асырудың құқықтық негіздерімен ғана емес, сонымен қатар тараптардың жарыспалылығын, сот жүйесінің тәуелсіздігін нығайтуға және сот төрелігінің сапасын арттыруға бағытталған институционалдық тетіктермен де сабақтас.

Алқабилер институтына қатысты мәселелерді ғылыми және практикалық тұрғыдан зерделеу әлі де өзекті. Атап айтқанда, алқабилердің құқықтық мәртебесі, оларды іріктеу және сот құрамын қалыптастыру тәртібі, сот талқылауы барысында олардың процестік құқықтары мен міндеттерін іске асыру ерекшеліктері, сондай-ақ судья мен алқабилер арасындағы процестік өзара іс-қимыл мәселелері сот практикасын жетілдіру тұрғысынан тұрақты назар аударуды қажет етеді.

Халықаралық ғылыми-құқықтық кеңістікте алқабилер институты мен азаматтардың сот төрелігін жүзеге асыруға қатысуы заманауи сот ісін жүргізудің өзекті мәселелерінің бірі ретінде қарастырылады. Бұл мәселе тек жекелеген мемлекеттердің ұлттық құқықтық жүйелеріне тән институт ретінде ғана емес, сонымен қатар сот төрелігінің легитимділігі, қоғамдық сенім, процестік әділеттілік және азаматтардың мемлекеттік билікті жүзеге асыруға қатысуы тұрғысынан кешенді зерттеу нысанына айналып отыр. Осыған байланысты алқабилер институтын жетілдіру мәселесі тек қылмыстық-процестік заңнаманың нормаларын жетілдіру шеңберінде ғана емес, сот төрелігінің сапасын, оның ашықтығы мен жариялылығын қамтамасыз ету, судьялардың кәсіби қызметіне қажетті жағдайлар жасау және сот жүйесіне деген қоғамдық сенімді нығайту міндеттерімен өзара байланыста қарастырылуға тиіс.

Сот төрелігінің конституциялық қағидаттарын іске асырудың тиімділігі, азаматтардың сот ісін жүргізуге қатысуының заңмен белгіленген кепілдіктерін қамтамасыз ету және судьялардың тәуелсіздігін сақтау өзара байланысты құқықтық құндылықтар болып табылады.

2026 жылы 15 наурызда республикалық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасы Конституциясының 76-бабына сәйкес заңда көзделген жағдайда қылмыстық сот ісін жүргізу алқабилердің қатысуымен өтеді. Яғни, алқабилер институты сот төрелігін жүзеге асырудың конституциялық-құқықтық тетіктерінің бірі ретінде азаматтардың сот билігін іске асыруға тікелей қатысуын қамтамасыз ететін құқықтық институт болып табылады. Аталған институт жұмысы сот төрелігінің жариялылығы мен демократиялық негіздерін нығайтуға, азаматтардың сот билігіне қатысу нысанын кеңейтуге және сот төрелігін жүзеге асыру процесіне қоғам өкілдерінің қатысуын қамтамасыз етуге бағытталған.

Алқабилер институтының тиімді жүзеге асырылуы, ең алдымен, оның қызметін нормативтік-құқықтық реттеудің сапасына, алқабилерді іріктеу мен сот құрамын қалыптастыру тәртібінің заң талаптарына сәйкестігіне, олардың процестік тәуелсіздігі мен объективтілігін қамтамасыз ететін кепілдіктердің болуына байланысты. Сонымен қатар, алқабилердің сот талқылауына қатысуы дәлелдемелерді тікелей зерттеу, тараптардың құқықтары мен процестік мүмкіндіктерінің теңдігін сақтау және қылмыстық-процестік заңнамада белгіленген рәсімдерді қатаң ұстану мәселелерімен тығыз байланысты.

Алқабилерді іріктеу мен сот құрамын жасақтау мәселесін көтерсек аталғандардың ішінде ең алдымен, сот құрамын қалыптастырудың бастапқы кезеңіндегі маңызды бір бөлігі ол кандидаттарды іріктеу сатысы. Ол үшін үміткерлердің өздеріне жүктелген процестік міндеттерді тиісінше орындауы және сот төрелігін жүзеге асыруға жауапкершілікпен қарауына кепілдік беретін құқықтық тетіктерді жетілдіру маңызды. Алқабидің сот ісін жүргізуге қатысуы азаматтың субъективтік құқығы ғана емес, сонымен қатар заңда белгіленген жағдайларда тиісті түрде орындауды талап ететін қоғамдық-құқықтық міндет болып табылады.

Осыған байланысты кандидаттарды іріктеу кезеңінен бастап олардың алқаби мәртебесінің құқықтық салдары туралы түсіндірілуі керек. Атап айтқанда, сот отырыстарына негізсіз келмеу, істің мән-жайларына қатысты алынған ақпаратты жария ету, тараптармен немесе өзге де қатысушылармен рұқсат етілмеген байланыс жасау, сондай-ақ сот төрелігінің объективтілігіне күмән келтіретін өзге де әрекеттер алқабидің процестік міндеттерін тиісінше орындамауы ретінде бағалануы мүмкін. Сонымен бірге алқабидің жауапкершілігі оның процестік тәуелсіздігімен теңгерілуге тиіс. Алқабиге қабылданатын шешімнің мазмұнына байланысты қысым жасауға, оны қандай да бір шешім қабылдауға мәжбүрлеуге немесе құқықтық ұстанымын білдіргені үшін жауапқа тартуға жол берілмеуі қажет.

Осы тұрғыдан алғанда, алқабиге кандидаттардың жауапкершілігін арттыру мәселесін үш өзара байланысты бағытта қарастыруға болады:

Біріншіден, олардың құқықтары мен міндеттерін нормативтік тұрғыдан нақтылау;

Екіншіден, алқабидің процестік міндеттерін орындауын қамтамасыз ететін тиімді кепілдіктерді қалыптастыру;

Үшіншіден, сот төрелігіне қатысудың қоғамдық маңызын түсіндіру арқылы жауапты азаматтық қатысу мәдениетін қалыптастыру. Демек, алқабилердің жауапкершілігін арттырудың түпкі мақсаты жазалау шараларын күшейту емес, сот төрелігін жүзеге асыруға қатысатын азаматтың құқықтық мәртебесін нақтылау және оның процестік міндеттерін саналы әрі адал орындауына қажетті құқықтық, ұйымдастырушылық жағдай жасау болуға тиіс.



Дархан БЕЙСОВ,
Ақмола облысы қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы

Қазіргі кезеңде цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы сот төрелігін ұйымдастырудың дәстүрлі тетіктерін қайта қарауға және құқықтық процестердің жекелеген кезеңдеріне жасанды интеллект технологияларын енгізу мүмкіндігін зерделеуге негіз болып отыр. Осы тұрғыдан алғанда, алқабиге кандидаттарды іріктеу рәсімін цифрландыру және жасанды интеллект элементтерін пайдалану сот төрелігін ұйымдастырудың тиімділігін арттырудың мүмкіндігі ретінде қарастырылуы мүмкін. Атап айтқанда, автоматтандырылған жүйе арқылы кандидатқа сотқа шақыру туралы хабарламамен қатар, алқабидің мәртебесі, оның құқықтары мен міндеттері, сот талқылауының тәртібі, қатысу ұзақтығы, жұмыс орнындағы кепілдіктер және шығындарды өтеу тәртібі туралы қысқаша әрі түсінікті ақпарат ұсынылуы тиіс.

Алқабиге кандидаттарды іріктеу адамның негізгі құқықтары мен заңды мүдделеріне тікелей немесе жанама түрде әсер етуі мүмкін болғандықтан, алгоритмнің шешімі түсінікті, тексерілетін және құқықтық тұрғыдан негізделген болуы қажет. Осыған байланысты жасанды интеллектті алқабиге кандидаттарды іріктеу процесінде қолданудың негізгі қағидаттары ретінде заңдылық, ашықтық, алгоритмдік бейтараптық, дербес деректерді қорғау, кемсітушілікке жол бермеу және адам тарапынан үнемі бақылау қағидаттарын белгілеу орынды.

Цифрлық трансформация жағдайында алқабиге кандидаттарды іріктеу процесіне жасанды интеллект технологияларын енгізу жаңа мүмкіндіктермен қатар, қосымша құқықтық тәуекелдерді де туындатады. Сондықтан жасанды интеллектті адамның құқықтық шешімін алмастыратын механизм ретінде емес, іріктеу процесінің ашықтығы мен тиімділігін арттыруға бағытталған қосалқы технологиялық құрал ретінде қарастыру орынды.

> *Цифрлық трансформация жағдайында алқабиге кандидаттарды іріктеу процесіне жасанды интеллект технологияларын енгізу жаңа мүмкіндіктермен қатар, қосымша құқықтық тәуекелдерді де туындатады. Сондықтан жасанды интеллектті адамның құқықтық шешімін алмастыратын механизм ретінде емес, іріктеу процесінің ашықтығы мен тиімділігін арттыруға бағытталған қосалқы технологиялық құрал ретінде қарастыру орынды*

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ШЕТЕЛГЕ ЖҰМЫС ІЗДЕП КЕТКЕН АЗАМАТТЫ КІМ ҚОРҒАЙДЫ?

(Соңы. Басы 1-бетте)



Қазақстанның Ішкі істер министрлігі интернеттегі жалған вакансиялар арқылы азаматтарды шетелге тартып, кейін құжаттарын алып қою, жүріп-тұру еркіндігін шектеу және интернет-алаяқтыққа қатысуға мәжбүрлеу қаупі туралы ескертті. Бұл еңбек миграциясын табыс табудың жолы ретінде ғана емес, азаматтың қауіпсіздігі мен құқығын қорғау мәселесі ретінде қарастыру қажеттігін көрсетеді.

Қазақстанның 2030 жылға дейінгі көші-қон саясаты тұжырымдамасында 2025 жылғы 1 қазанда шетелде еңбек ету мақсатымен жүрген азаматтардың саны 156,7 мың болғаны көрсетілген. Құжатта негізгі бағыттардың қатарында Ресей, Оңтүстік Корея, Польша және Ұлыбритания аталады. Бұл – белгілі бір мерзімдегі жағдайды сипаттайтын дерек. Оны 2026 жылғы қазандағы нақты көрсеткішпен теңестіруге болмайды. Дегенмен осы санның өзі шетелдегі еңбекке қатысты құқықтық қорғаныстың қаншалықты ауқымды мәселе екенін аңғартады.

Шетелге жұмысқа кетудің өзі азаматтың құқығы бұзылады дегенді білдірмейді. Заңды рәсімделген еңбек қатынасы кәсіби тәжірибе жинауға, табыс табуға мүмкіндік береді. Мәселе жұмысқа орналасу жолының ашықтығында, делдалдың жауапкершілігінде және қиындық туған кезде көмекке жүгінудің қолжетімділігінде жатыр.

Еңбек миграциясындағы тәуекел кейде адам елден шықпай тұрып басталады. Ішкі істер министрлігінің ресми хабарламасында алаяқтардың кадр агенттігі немесе жеке делдал ретінде танысып, тіл білуді, тәжірибені қажет етпейтін жоғары ақы төленетін жұмыс ұсынатыны жазылған. Алдын ала төлемді алғаннан кейін байланысын үзетін жағдайлар да ескертіледі. Мұндай схема кезінде азамат болашақ табысына үміт артып, қолындағы қаражатынан айырылуы мүмкін.

Алайда қауіп ақшадан айырылумен шектелмейді. ІІМ-нің Киберқылмысқа қарсы іс-қимыл департаменті жалған ұсыныстардың Telegram арналары, WhatsApp топтары және өзге онлайн алаңдар арқылы таралатынын хабарлады. Адамдарға жоғары табыс, төленген ұшу билеті мен баспана уәде етіледі. Ал барған жерінде паспортын алып қою, еңбекақысын төлемеу, қорқыту, елге қайтуы үшін ақша талап ету қаупі туындайды. Ведомство атаған тәуекелдердің бірі – азаматты интернет-алаяқтыққа қатысуға мәжбүрлеу.

Осы тұста жұмыс іздеген адамның жағдайы күрделене түседі: табыс табуға барған азамат өзі де қанауға ұшырап, сонымен қатар өзге адамдарға қарсы заңсыз әрекетке тартылуы мүмкін. Сондықтан мұндай жағдайды жұмыс берушімен арадағы жай келіспеушілік деңгейінде қарастыру жеткіліксіз. Адамның еркіндігіне, қауіпсіздігіне және құжаттарына қатысты шектеулер құқық қорғау органдарының назарын қажет етеді.

Халықаралық еңбек ұйымы құжаттарды қайтармай ұстауды, жүріп-тұруды шектеуді және қорқытуды мәжбүрлі еңбекті анықтауға көмектесетін белгілер қатарына жатқызады. Сонымен бірге ұйым жалақының кешігуі өздігінен мәжбүрлі еңбек болғанын білдірмейтінін түсіндіреді. Ақыны әдейі ұстап қалу қызметкерді жұмыс орнынан кетірмеудің амалына айналған кезде оның сипаты өзгереді. Бұл айырмашылық әр оқиғаның мән-жайын жеке бағалау үшін маңызды.

Ендеше, азаматты шетелге аттандыратын делдалдардың қызметі қалай бақылануы керек? Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 2026 жылы маусымда жарияланған хабарламасында Қазақстанда шамамен 400 жеке жұмыспен қамту агенттігі жұмыс істейтіні айтылған. Министрлік олардың қызметін бақылауды күшейту және шетелде еңбек ететін азаматтардың құқығын қорғау үшін цифрлық тетіктер әзірленіп жатқанын мәлімдеген.

Хабарламада QazETA экожүйесі, migration.enbek.kz платформасы негізінде агенттіктердің цифрлық тізілімін іске қосу жоспарланғаны көрсетілген. Ұсынылған модель бойынша агенттіктер мемлекеттік дерекқорлар арқылы тексеруден өтіп, олар туралы ақпарат азаматтарға ашық болуы тиіс. Сондай-ақ азаматпен жасалатын қызмет көрсету шарттарын платформада рәсімдеу, шетелдік жұмыс берушілерді тексеру және вакансияларды бақылау көзделген. Аталған жарияланым бұл шараларды енгізу жоспары туралы хабарлайды; оның негізінде тізілім толық іске қосылып, барлық тәуекел жойылды деп қорытынды жасауға болмайды.

Бұл бастамалардың практикалық мәні түсінікті. Жұмыс іздеген адам агенттіктің кім екенін, қандай міндеттеме алғанын және нақты қай жұмыс берушіге жіберетінін білуі қажет. Қызмет көрсету тізбегі ашық болса, жауапкершіліктің кімге тиесілі екенін анықтау жеңілдейді. Ал делдал, жұмыс беруші және азамат арасындағы келісімдер түсініксіз болған жағдайда дау туғанда әр тарап жауапкершілікті басқаға ысыруы ықтимал.

Сондықтан агенттікпен жасалатын қызмет көрсету келісімі мен шетелдік жұмыс берушімен жасалатын еңбек шартының мазмұнын бөлек қарастыру керек. Біріншісінде делдалдың қызметі, ақысы, орындау мерзімі мен шарт бұзылғандағы тәртіп анықталса, екіншісінде жұмысшының еңбек жағдайлары белгіленеді. Азамат төлеген ақшасының нақты қандай қызметке арналғанын түсінуге тиіс.

Мемлекеттік органдардың қауіпсіздік жөніндегі ұсынымдарында жолға шыққанға дейін шартты мұқият оқу, бір данасын өзінде сақтау және тәуелсіз заңгермен кеңесу қажеттігі айтылған. Жұмысқа тұру, ақы төлеу және медициналық сақтандыру жағдайлары алдын ала нақтылануы керек. Жалақы мөлшерін білгенмен, одан қандай шығындар ұсталатынын білмеу ұсыныстың шынайы тиімділігін бағалауға кедергі болады.

Құқық бұзылғаннан кейін азаматтың қайда жүгінетіні де мәселенің сипатына байланысты. Еңбекақы жөніндегі дау, делдалдың ақшаны иемденуі және адамды күшпен ұстап отыру әртүрлі әрекетті талап етеді. Нақты елдегі еңбек дауын қарау тәртібі жергілікті заңнамаға байланысты анықталады. Ал қауіпсіздікке тікелей қатер төнгенде жергілікті жедел қызметтерге және Қазақстанның дипломатиялық өкілдігіне хабарласу қажет.

Қазақстанның консулдық қызметі бұл жүйеде маңызды орын алады. Консулдық жарғының 41 және 42-тармақтарында консулдың азаматтардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға жәрдемдесетіні және бұзылған құқықтарды қалпына келтіру үшін шаралар қабылдайтыны бекітілген. Жарғы консулға қабылдаушы мемлекеттің билік органдарына өз құзыреті шегінде жүгінуге, азаматтардың жазбаша және ауызша өтініштерін қабылдауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар консулдықтың өкілеттігі халықаралық құқық пен қабылдаушы елдің заңнамасы аясында жүзеге асады. Елшілікке хабарласу жалақы дауының бірден шешілуіне немесе талап етілген қаражаттың автоматты қайтарылуына кепіл емес. Консулдық қатынастар туралы Вена конвенциясы азаматтарға көмек көрсетуді, белгілі жағдайларда олардың мүддесін қорғау үшін өкілдікті ұйымдастыруды қарастырады. Мұның өзі тиісті мемлекеттік рәсімдерді сақтай отырып орындалады.

Көмекке жүгінген азаматтың нақты мәлімет беруі маңызды. Қай жерде жүргені, жұмыс берушінің атауы, қандай жағдай болғаны және өзімен қалай байланысуға болатыны белгілі болса, өтінішті қарау жеңілдейді. Шарттар, төлем түбіртектері мен хат алмасулар оқиғаның мән-жайын түсіндіруге көмектесуі мүмкін. Дегенмен оларды жинау адамның өмірі мен қауіпсіздігінен жоғары қойылмауға тиіс.

Мемлекеттік нұсқаулықта шетелге жұмысқа кететін азаматтарға сапары мен тұратын жері туралы жақындарына хабарлау, елшілік немесе консулдықтың байланысын алдын ала жазып алу ұсынылады. Жұмыс ұсынатын компанияның заңды мекенжайы мен тіркеу деректерін тексеру де қарастырылған. Осындай дайындық қиындық туғанда байланысты қайта іздеп, уақыт жоғалтпауға мүмкіндік береді.

Еңбек миграциясын реттеудегі басты өлшем азаматтың шетелге аттануының қаншалықты жеңіл болғанымен шектелмеуі керек. Оның шартта көрсетілген жұмысқа орналасуы, еңбекақысын алуы, еркін жүріп-тұруы және қажет болғанда қауіпсіз оралуы маңызды. Делдалдардың ашықтығын арттыру мен цифрлық бақылаудың тиімділігі де осы нәтижелер арқылы бағалануға тиіс.

Бүгінгі ресми ескертулер көрсетіп отырған мәселе – жұмыс іздеген адамның ақпараттық және құқықтық тұрғыдан осалдығы. Оны азайту үшін азаматқа түсінікті кеңес, тексеруге болатын жұмыс ұсынысы, нақты міндеттемесі бар делдал және қолжетімді көмек қажет. Шетелдегі еңбек адамның тұрмысын жақсартуға қызмет етуі тиіс. Ал оның адал табыс іздеген ниеті алаяқтық пен қанаудың құралына айналмауын қамтамасыз ету – мемлекеттік органдардың, еңбек делдалдарының және қабылдаушы тараптың ортақ жауапкершілігі.

Елшілікке хабарласу жалақы дауының бірден шешілуіне немесе талап етілген қаражаттың автоматты қайтарылуына кепіл емес. Консулдық қатынастар туралы Вена конвенциясы азаматтарға көмек көрсетуді, белгілі жағдайларда олардың мүддесін қорғау үшін өкілдікті ұйымдастыруды қарастырады. Мұның өзі тиісті мемлекеттік рәсімдерді сақтай отырып орындалады.

Аружан МӘУЛЕНБАЙ,
«Заң газеті»

МІНБЕР

ХАЛЫҚ КЕҢЕСІ – ДИАЛОГ АЛАҢЫ

Қоғамдық диалогтың салмағы айтылған сөздің көптігімен емес, оның нақты іске айналуымен өлшенеді. Осы тұрғыдан алғанда Қазақстан Халық Кеңесінің бүгінгі қадамына назар аударған жөн. Осы аптада өткен Халық Кеңесі Қоғамдық келісім және жалпыұлттық бірлік комитетінің алғашқы отырысында төрт салалық комиссияның құрамы мен жұмыс бағыттары айқындалды. Бұл – Халық Кеңесінің біртіндеп институционалдық сипат алып, нақты жұмыс форматына көшіп келе жатқанының белгісі болса керек.

Бір қарағанда, бұл құрылым ҚР Құрылтайындағы салалық комиссиялар мен жұмыс топтарының жүйесін еске түсіреді. Мұнда да негізгі мақсат – қоғамнан келген ұсыныстарды жай тіркеп қою емес, оны тиісті сала мамандарының қатысуымен талдап, сараптамадан өткізіп, нақты ұсынысқа айналдыру. Яғни, Құрылтайдағы жұмыс жүйесі секілді Халық Кеңесінде де ұсыныс – сараптама – талқылау – нақты шешім тізбегі қалыптасып келеді.

Отырыста Халық Кеңесі мүшелерін салалық комиссияларға бөлу мәселесі қаралып, төрт бағыт бекітілді. Мәдениет пен азаматтық бірегейлікті дамыту мәселелері жөніндегі салалық комиссияға Рауан Кенжеханұлы жетекшілік етсе, жалпыұлттық бірлік мәселелері жөніндегі комиссияны Наринэ Микаелян басқарады. Спорт және әскери-патриоттық тәрбие мәселелері жөніндегі комиссияға Ислам Байрамуков, ал Құқықтық мәдениет және медиация мәселелері жөніндегі салалық комиссияға Мәди Мырзағараев жетекшілік етпек.

Рауан Кенжеханұлының айтуынша, қазақ әдебиетімен қатар әлем әдебиетінің үздік туындыларын және Қазақстанда тұратын этностардың әдеби-мәдени мұрасын қазақ тіліне аударып, кеңінен насихаттау қажет. Қазақ тілін тек оқытылатын пән емес, Қазақстандағы әртүрлі мәдениеттерді тоғыстыратын ортақ кеңістік ретінде қалыптастыруға болады. Басқа этностардың әдебиетін қазақ тіліне аудару арқылы мемлекеттік тілге деген құрметті ғана емес, өзара мәдени танымды да арттыруға мүмкіндік бар.



Әріптесін қолдай келе Ольга Спирина қазақ тілін меңгертудің әдістемелік мәселесіне тоқталды. Оның айтуынша, қазіргі мектеп бағдарламалары оқушылардың қазақ тілінде еркін сөйлеу дағдысын қалыптастыруға толық мүмкіндік бере бермейді. Сондықтан әдіскерлер мен педагогтерден арнайы жұмыс тобын құрып, қазақ тілін оқыту әдістемесін қайта қарау, білім деңгейін бағалаудың нақты критерийлерін енгізу және мұғалімдерге әдістемелік қолдауды күшейту ұсынылды. Комиссия отырысында мәдениетті жаңғырту мәселесі де назардан тыс қалған жоқ. Ирина Соловьева музейлерді жастар үшін тартымды ету қажеттігін көтерді. Оның ұсынысы – заманауи технологияларды пайдалану және келушімен тікелей қарым-қатынасты күшейту. Бұл бүгінгі музейдің міндетін қайта қарауды талап етеді.

Ендігі міндет – осы ұсыныстарды салалық комиссиялар арқылы жинақтап, сараптап, нақты жұмысқа айналдыру. Жалпы, Халық Кеңесінің алдында тұрған басты міндет – қоғамның сөзін тыңдау ғана емес, сол сөздің нақты шешімге жетуіне жол ашу. Салалық комиссиялардың құрылуы осы бағыттағы алғашқы қадам. Егер бұл құрылымдар Құрылтайдағыдай нақты сараптама мен жүйелі жұмысқа сүйенсе, Халық Кеңесі де қоғамдық пікірді жинақтайтын ғана емес, мемлекет саясатының сапасына әсер ететін пәрменді алаңға айналары сөзсіз. Ал бұл – қоғам мен мемлекет арасындағы диалогтың шын мәніндегі нәтижесі болмақ.

Айша ҚҰРМАНҒАЛИ,
«Заң газеті»

КИЕ

ҰРПАҚҚА АМАНАТ

Тәуелсіздік тұғырын нығайтып, мемлекеттігіміздің басты белгісін ардақтау – әрбір саналы азаматтың қасиетті борышы. Ғасырлар бойы қазақ халқы талай тар жол, тайғақ кешулерді бастан кешсе де, ұлттық қасиетін, атамекенін және ең бастысы – ана тілін көздің қарашығындай сақтай білді.

Ұлы ақын Мағжан Жұмабаев: «Алтын күннен алқа таққан, көк түріктен бата алған, қазақ деген мәрт халық» деп жырлағандай, мазмұны терең, байырғы тіліміз – ұлттың жаны, тарихымыздың алтын діңгегі. Қазақ тілінің байлығы мен оның оралымды күшін Абайдың қара сөздерінен, Жамбылдың жырларынан, Мұхтар Әуезовтің классикалық прозасынан анық көреміз. Осындай ата-бабамыздан мұра болып қалған бай сөздікті орынды қолдану, тіліміздің қадірін асқақтату – бүгінгі буынның басты міндеті.

Халық даналығында: «Өнер алды – қызыл тіл» демекші, ана тіліміздің тұнығынан сусындау, оның көркемдігі мен әсемдігін өскелең ұрпақтың санасына сіңіру – ортақ іс. Қазіргі жаһандану заманында ана тіліміздің қолданыс аясын кеңейтіп, оның қадір-қасиетін әрбір жүрекке жеткізу үшін көркем әдебиеттің тілі мен озық ойлы қағидаттарын күнделікті өмірде өнеге етуіміз қажет.

Туған тіліміздің мерейін үстем ету – бәршамызға жүктелген аманат.

Аяулым ҚОЙШЫҒҰЛОВА,
Ақтөбе облысы мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты әкімшісінің сот приставы

АЛТЫН КӨПІР

Ерлан ҚАРИН, *ҚР Вице-президенті:*

«СЪЕЗД ДІНАРАЛЫҚ КЕЛІСІМДІ ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА ҚЫЗМЕТ ЕТЕДІ»



Астанада Қазақстан Республикасының Вице-президенті – Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері съезі Хатшылығының басшысы Ерлан Қариннің төрағалығымен Хатшылықтың XXIV отырысы өтті. Оның жұмысына 20 елден келген әлемдік және дәстүрлі діндердің, халықаралық ұйымдардың, сондай-ақ мемлекеттік және қоғамдық құрылымдардың 30-дан астам беделді өкілі қатысты.

Ерлан Қарин бірлік пен ынтымақ, этносаралық және конфессияаралық келісім, адамды құрметтеу сияқты конституциялық құндылықтар Қазақстанның даму бағдарын айқындайтын маңызды қағидаттар екенін, мұның съезд миссиясымен үндесетінін атап өтті. Осы ұстанымдарға арқа сүйей отырып, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың басшылығымен еліміз теңгерімді және бейбіт сипатта дәйекті сыртқы саясат жүргізіп келеді.

Съезд осы жылдар ішінде дінаралық диалогтың бірегей алаңы ретінде қалыптасты. Оның әріптестік желісі кеңейіп, діни бірлестіктермен және халықаралық ұйымдармен ықпалдастығы нығая түсті.

– Осыған дейін қалыптасқан құндылықтар іргетасы съездің практикалық мазмұнын кеңейтуге мүмкіндік береді. Яғни, құжаттарды бірлесіп әзірлеуге, әріптестікті нығайтуға және нақты жобаларды іске асыруға жол ашады, – деді Вице-президент.

Бұл – қарулы қақтығыстар, гуманитарлық дағдарыстар, радикалды идеялар мен өшпенділік белгілері белең алып, климаттық және технологиялық сын-қатерлер күшейе түскен қазіргі кезеңдегі айрықша өзекті міндет. Мұндай жағдайда рухани дипломатия саяси келіссөздерді толықтырып, өзара байланыс арналарын сақтауға және сенімді қалпына келтіруге ықпал етеді.

Ерлан Қарин Мемлекет басшысының съезд аясында діндердің бітімгерлік әлеуетін біріктіріп, рухани дипломатияға нақты халықаралық сипат беруге бағытталған Жаһандық бейбітшілік қозғалысын қалыптастыру жөніндегі бастамасына арнайы тоқталды.

Отырыс соңында 2025 жылғы Астана бейбітшілік декларациясын дамыту мақсатында әзірленген екі халықаралық құжат қабылданды. Олар – «Климаттың өзгеруіне қарсы күрестегі діндердің рөлі» және «Діни салада жасанды интеллектіні пайдаланудың этикалық кодексі».

Бірінші құжат экологиялық жауапкершілікті нығайтуға бағытталған және қоршаған ортаға қамқорлық пен азаматтық жауапкершілікті ұштастыратын Мемлекет басшысының «Таза Қазақстан» бағдарламасының философиясымен үндеседі.

Этикалық кодекс Президенттің жасанды интеллектіні дамыту этикасы жөніндегі Дінаралық комиссия құруды және алгоритмдерге арналған әмбебап «өсиеттерді» әзірлеуді көздейтін бастамасын одан әрі ілгерілетеді. Құжат технологияларды жауапкершілікпен қолдануға шақырады әрі діни мәтіндерді бұрмалауға, цифрлық жалған контент әзірлеуге, кемсітушілікке және адамдардың сеніміне манипуляция жасауға тосқауыл қоюға арналған.

Сондай-ақ, Қазақстан мен Қасиетті тақтың бірлескен бастамасы – «Айықпас дертке шалдыққан балалардың құқықтары хартиясы» таныстырылды. Құжатты әзірлеуге «Бамбино Джезу» ауруханасының сарапшылары атсалысты. Хатшылық хартияға қатысты жұмысты одан әрі жалғастыруды қолдады.

«Астана бейбітшілік декларациясы – 2025» құжатын іске асыру аясында Хатшылыққа серіктестермен бірлесіп, Жаһандық бейбітшілік қозғалысының тұжырымдамасы мен оны қалыптастыру және халықаралық деңгейде ілгерілетудің кезең-кезеңімен іске асырылатын жоспарын әзірлеу тапсырылды.

– Съездің беделі қабылданған шешімдердің халықаралық бастамаларда көрініс тауып, қаншалықты тыңғылықты түрде жүзеге асырылатынына және бейбітшілік пен сенімді нығайтуға қызмет ететініне байланысты болмақ, – деді Ерлан Қарин.

Отырыс аясында Ерлан Қарин бірқатар екіжақты кездесу өткізді.

Мұсылман ақсақалдары кеңесінің Бас хатшысы Мұхаммед Әбделсаламмен кездесу барысында Вице-президент Кеңес съездің маңызды серіктестерінің бірі екенін атап өтіп, форум қызметін қолдағаны үшін алғыс айтты. Сондай-ақ Кеңестің Адамзат бауырластығы туралы құжатты ілгерілетуге, климат және жасанды интеллект этикасы жөніндегі құжаттарды әзірлеуге қосқан үлесі айтылды.

БАӘ Толеранттылық және бейбіт өмір сүру министрлігінің Бас директоры Афра Мұхаммед Әл-Сабримен кездесуде өзара іс-қимыл әлеуеті талқыланды.

ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің баспасөз қызметі

ҚҰНДЫЛЫҚ

ТҮСІНІКСІЗ ТІЛ ҚОЛДАНЫСТЫ КЕҢЕЙТПЕЙДІ

Мемлекеттік тіл – елдің ұлттық болмысын айқындайтын, халықты біріктіретін мемлекеттіліктің маңызды нышандарының бірі. Қазақ тілі – халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан рухани мұрасы, тарихи жады мен мәдениетінің ажырамас бөлігі.

Конституция – мемлекеттің құқықтық негізін айқындайтын басты құжат. Сондықтан Ата Заңда мемлекеттік тілдің мәртебесін бекіту оның қоғамдағы орны мен маңызын айқындайтын негізгі құқықтық кепілдіктердің бірі.

Жаңа Конституцияда мемлекеттік тіл мәселесіне ерекше мән берілген.

Мемлекеттік тілдің мәртебесін нығайту тек заңнамалық нормалармен шектелмейді. Оның кеңінен қолданылуы әр азаматтың күнделікті өмірдегі жауапкершілігі мен тілге деген құрметінен басталады. Қазақ тілін білу және оны қоғамдық ортада қолдану – елдің болашағына қосылған үлес.

Әсіресе, мемлекеттік қызметшілер мен құқық қорғау, сот жүйесі өкілдерінің мемлекеттік тілді жетік меңгеруі маңызды. Себебі, азаматтардың мемлекеттік органдармен қарым-қатынасы, өтініштер мен құжаттардың қаралуы, құқықтық ақпараттың халыққа түсінікті жеткізілуі тілдік қолжетімділікпен тікелей байланысты.

Сот жүйесінде мемлекеттік тілдің қолданылуы – әділ сот төрелігін қамтамасыз етудің маңызды құрамдас бөлігі. Сот актілерінің, құқықтық түсіндірмелердің және азаматтарға берілетін ақпараттың мемлекеттік тілде қолжетімді болуы халықтың құқықтық сауаттылығын арттыруға ықпал етеді.

Жаңа Конституция мемлекеттік тілдің мәртебесін одан әрі нығайтуға құқықтық негіз қалыптастырып қана қоймай, оны қоғамдық өмірдің барлық саласында дамытуға жаңа мүмкіндіктер береді.

Мемлекеттік тілдің мәртебесі туралы сөз болғанда, көбіне заңнамалық өзгерістер мен ресми нормалар алға шығады. Әрине, бұл – мемлекет үшін маңызды қадам. Конституцияда тілдің орны айқындалуы оның құқықтық негізін күшейтеді. Бірақ кез келген құқықтық норма өзінің шынайы мәнін қоғам өмірінде тапқанда ғана толық жүзеге асады.

Бұл мәселені сот тәжірибесінен анық байқауға болады. Сотқа жүгінген азамат үшін ең маңыздысы – оның өтінішінің қай тілде қабылданатыны ғана емес, өз ойын сол тілде еркін жеткізіп, қабылданған шешімнің мазмұнын толық түсінуі.

Бүгінде сот жүйесінде азаматтың тіл таңдауына мүмкіндік беретін тетіктер қалыптасқан. Сондықтан бұл саладағы басты міндет енді мүмкіндік жасаумен қатар, сол мүмкіндікті сапалы мазмұнмен толықтыруға келіп тіреледі.

Осы тұста құқықтық құжаттардың тіліне ерекше тоқталған жөн.

Қазақ тіліндегі кейбір ресми мәтіндерді оқығанда олардың қазақша ойлау жүйесінен емес, басқа тілдегі дайын үлгіден туғаны бірден аңғарылады. Сөздер аударылғанымен, ойдың табиғаты аударылмай қалғандай әсер қалдырады. Мұндай мәтін заң талаптарын орындаған болып көрінгенімен, қарапайым азамат үшін түсініксіз күйінде қалады.

Ал түсініксіз тіл қолданысты кеңейтпейді. Керісінше, адамға таныс әрі жеңіл нұсқаға қайта жүгінуге мәжбүр етеді. Сондықтан мемлекеттік тілдің беделін арттыру ең алдымен оның сапасына байланысты. Құжатты қазақша жазу жеткіліксіз, оның мазмұны да қазақ тілінде табиғи, нақты әрі кәсіби қалыпта берілуі керек. Бұл жерде жауапкершілік тек мемлекеттік органдарға жүктелмеуге тиіс.

Тілдің болашағын қалыптастыратын маңызды фактордың бірі – қоғамның өз талабы. Азамат қазақ тілінде қызмет көрсетуді талап етсе, мекеме оған сәйкес жұмыс істеуге бейімделеді. Қызмет алушының таңдауы көбейген сайын, сол сұраныста қамтамасыз ететін мамандарға деген қажеттілік те артады.

Соңғы жылдары мұндай өзгеріс қоғамның өзінен байқауға болады. Қазақ тілінде білім алатын жастардың қатары көбейді. Ана тіліндегі музыкаға, киноға, шығармашылыққа деген қызығушылық та жаңа сипатқа ие болды. Бүгінгі жас буын қазақ тілін тек ұлттық құндылық ретінде ғана емес, өзінің күнделікті мәдени кеңістігінің бір бөлігі ретінде қабылдап келеді.

Ендігі кезеңде қоғамдағы қалыптасып келе жатқан қазақ тіліне деген сұранысты құқықтық және институционалдық деңгейде нығайту қажет. Заңдағы норма мен күнделікті тәжірибе бір-бірінен алшақ тұрмауы керек.

Мемлекеттік тілдің болашағы бір ғана заңға немесе бір ғана мекемеге байланысты емес. Ол – қоғамның күнделікті таңдауларынан қалыптасатын құндылық. Сондықтан бүгінгі міндет – қазақ тілін тек мәртебесі жоғары тіл емес, өмірдің барлық саласында қажет әрі ортақ қолданылатын тіл деңгейіне жеткізу.

С.ТАБАНОВ,
Ақтөбе облысы мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының судьясы

АБЫРОЙ

Нұрлан Өміртайұлы – сот жүйесінде отыз жылға жуық абыройлы қызмет атқарып, ел заңдылығын қамтамасыз етуге, әділдік пен адам құқығын қорғауға өмірінің елеулі бөлігін арнаған тәжірибелі судья.

АДАЛДЫҚТЫҢ АҚ ЖОЛЫ



Нұрлан Өміртайұлы 1966 жылғы 10 қаңтарда Қызылорда облысы, Тереңөзек ауданындағы «Қараөзек» кеңшарында дүниеге келген. 1993 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік Ұлттық университетінің заң факультетін тәмамдаған.

Еңбек жолын туған жеріндегі жастар бригадасында бастаған. Қарапайым еңбекпен шыңдалып, өмір мектебінен өткен жас маман кейін заң саласына бет бұрып, кәсіби жолын прокуратура қызметімен жалғастырды. 1993 жылдың желтоқсан айынан Қызылорда қалалық прокуратурасында стажер, 1994 жылдың шілде айынан Қызылорда қалалық прокурорының көмекшісі, 1995 жылдың шілде айынан Қызылорда облыстық прокуратурасының сот қаулыларының заңдылығын қадағалау бөлімінің аға прокуроры қызметтерін атқарды.

1997 жылдың қаңтарында Президент Жарлығымен Қармақшы аудандық сотының судьясы болып тағайындалып, сот төрелігі саласындағы ұзақ та жауапты қызметі басталды. Қызылорда облыстық сотының судьясы, Жаңақорған аудандық сотының төрағасы, Ақмола облыстық сотының судьясы, Қызылорда облыстық сотының судьясы қызметтерін абыроймен атқарды.

2025 жылдың шілде айынан Президент Жарлығымен Кассациялық саты сотының судьясы қызметіне тағайындалып, сот жүйесінде өзіне жүктелген жауапты міндетті кәсіби біліктілікпен жалғастырды.

Судьялық қызмет – заңды білумен ғана шектелмейтін, терең білімді, жоғары жауапкершілікті талап ететін күрделі мамандық. Осы талаптардың үдесінен шыға білген Нұрлан Өміртайұлы қызметтік міндеттерін орындау кезінде өзін тәжірибесі қалыптасқан, заң талаптарын берік ұстанатын білікті судья ретінде танытты.

Сот төрелігін жүзеге асырудағы еңбек те елеусіз қалған жоқ. Кәсіби қызметінде қол жеткізген жетістіктері мен жоғары көрсеткіштері үшін Нұрлан Өміртайұлы Қызылорда облыстық соты төрағасының Алғысы хатымен, Судьялар одағының Алғысы хатымен, Құрмет грамотасымен, Судьялар одағының «Үш би» Құрмет белгісімен марапатталды. Елге сіңірген еңбегі үшін Қазақстан Республикасы Президентінің «Ерен еңбегі үшін» медалімен наградталды. Отыз жыл судьялық мінсіз қызметі – оның заң талаптарын орындауға және кәсіби міндетіне адалдығына берілген нақты баға.

Саналы ғұмырының елеулі бөлігін сот төрелігіне арнаған Нұрлан Өміртайұлы ҚР Президентінің Жарлығымен Құрметті отставкаға шығып отыр.

Құрметті отставка – сот төрелігіне адал қызмет еткен азаматтың еңбегіне көрсетілген құрметтің белгісі. Бұл – талай жылғы маңдай тер мен мол тәжірибенің, жауапты қызмет пен абыройлы еңбектің қорытындысы.

Нұрлан Өміртайұлының еңбек жолы – ауылдағы қарапайым еңбекпен басталып, прокуратура қызметі арқылы сот жүйесінің биігіне көтерілген тағылымды ғұмыр жолы. Ол өз кәсібіне адалдықты, заңға беріктікті және азаматтық жауапкершілікті өмірлік ұстаным ете білді.

А.ТЛЕПОВ,
Қылмыстық істер жөніндегі кассациялық соттың судьясы

КЕЛБЕТ

ӘДІЛДІК ЖОЛЫ – ҰРПАҚҚА ҮЛГІ

(Соңы. Басы 1-бетте)



«Жығылсаң нардан жығыл» демекші, нартәуекел деп ең мықты оқу орнына түсуге бел байлап, құжаттарымды тапсырдым. Бірақ жолым болмады. Ауылыма қайтып оралдым», – деп еді.

Талапты жанды сынақ шыңдайды, оқу-білімге құлшындырады. Оқудан еңсесі түсіп қайтқанымен, жас Төлебайды сынақ жасытқан жоқ. Мәскеуден келе сала еңбекке араласқан жас жігіт 1973 жылы Киров атындағы суландыру жүйесінің гидрометрия жұмысшысы болып жұмысын бастады. Одан кейін Отан алдындағы борышын Кеңес Армиясы қатарында абыроймен атқарды. Осы тұста көпшілікпен араласып, оң мен солын таныған бозбаланың балаң қиялында заңгер болсам деген арман беки түскен. Сол арманның жетегімен ол 1977 жылы Қарағанды мемлекеттік университетінің Заң факультетіне түсіп, оны 1982 жылы құқыққорғаушы мамандығы бойынша үздік бітірді.

Университетті бітірген Төлебай Әжібекұлы жолдамамен Торғай облысына барады. Торғай облыстық сотында тағылымдамадан өткен жігерлі жас маман өз жұмысына жауапкершілікпен қарап, 1983–1990 жылдары Гурьев (қазіргі Атырау) қалалық сотының судьясы, 1990–1995 жылдары Шымкент облыстық сотының мүшесі, 1995–1996 жылдары әл-Фараби аудандық сотының судьясы қызметтерін үлкен абыроймен атқарады.

Мен Төлебай Әжібекұлымен 1982 жылдың күз айында таныстым. Ол кезде Қостанай қалалық сотының судьясы болып сайланып, жұмыс істеп жатқан едім. Күз айларының бір күні түстен кейін кабинетіме бейтаныс жас жігіт кірді. Жөн сұрастық. Сонда Төлебай Әжібекұлының Торғай облыстық сотында тағылымдамадан өткенін, Гурьевке ұшып бара жатқанын білдім. Өзіне тартып тұратын ашық, ақ көңіл жігіт екен. Кешке таман мен оны әуежайға апарып, Гурьевке шығарып салдым. Кейін Жоғарғы Сотта қатар қызмет істеп жүргенде Төлебай Әжібекұлы: «Маған бірінші бата берген, маған ақ жол тілеген сен едің», – деп күліп отыратын.

Ал 1996 жыл – Төлебай Әжібекұлының кәсіби өміріндегі ең биік белес болды. Ол 40 жасында Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының судьясы болып тағайындалды. Әріптесім 2021 жылдың желтоқсанына дейін, яғни 25 жыл бойы еліміздің ең жоғарғы сот сатысында еңбек етіп, құқықтық мемлекеттің, тәуелсіз сот билігінің қалыптасуына тікелей атсалысты.

Төлебей Әжібекұлымен Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотында үзеңгілес болып, қатар 20 жылдай уақыт бірге қызмет істедік. Осы жылдары әріптесімнің сан қырлы қасиеттерін көріп білдім. Төлебай Әжібекұлының бойындағы жақсы қасиеттерінің бәрі оның тектілігін көрсететін. Ал тектілік оған өзі аузынан тастамай, әр сөзінде үлкен құрметпен, мақтанышпен айтып отыратын әкесі Әжібектен және ана-сынан берілгені анық.

Бірде Төлебай Әжібекұлы: «Әдеке, әкем ауылдан келіп еді, барып танысып, бірге отырып түскі ас іш», – деп үйіне шақырды. Үйге кіргенде төрде отырған келісті келген, ірі денелі, бет-жүзі күнге күйген, киімі бойына жарасып тұрған Әжібек ақсақал орнынан қунақы көтеріліп, алдымнан шығып, сәлемімді алды.

«Келгенің қандай жақсы болды, балам. Сен туралы ұлым маған көп айтып еді. Әңгімелесіп отырып ішкен ас сіңімді болады. Кел, төрлет», – деп жерге жайылған ақ дастарқанға шақырды.

Әжібек ақсақал біраз әңгіменің басын қайырды. Сөз арасында баласы Төлебай туралы айтып, мақтаныш сезімін де білдіріп отырды. Тағылымды қария жылдар бойы май шайқайтын өндірісті басқарған екен. Айтқан әңгімелері де, жанында отырған анамызға, баласы Төлебайға айтқан әзіл-қалжыңдары да бәрі жарасып отырды. Сонда маған Әжібек ақсақалдай асқар тау әкеден Төлебайдай ұлдың туғаны заңдылықтай болып көрінді. «Көргені бар көш бастайды» дегенді айтқан бабаларымыз расында қандай дана.

Төлебай Әжібекұлы әділ судья ғана емес, терең ойлы қаламгер. Оның қоршаған ортаны қорғау, адам саудасына қарсы күрес, сот процесінің жарыспалылығына қатысты заңдарды жетілдіру туралы жазған ғылыми мақалалары заңгерлер арасында әлі күнге өзектілігін жойған жоқ.

> *Төлебай Әжібекұлы өзінің бойындағы білімі мен тәжірибесін жас судьяларға бөлісуден жалықпаған емес. Қазіргі Сот кеңесі жанындағы Сот төрелігі академиясының талай жылдан бергі белді оқытушысы. Отставкаға шыққанына қарамастан әлі де өзінің тәлімін жас судьяларға беруден шаршаған жоқ. «Ұстазы жақсының ұстамы жақсы» демекші, Төлекеңнің тәрбиесін алып, білімімен сусындаған жастардың ертең ел игілігіне адал қызмет ететін, заңдық тұрғыдан сауатты, кәсібіне шын берілген судья боларына сеніміміз зор.*

Төлебай Әжібекұлы «Адам саудасы үшін жауаптылықты белгілейтін заңнаманы қолдану практикасы туралы» 2012 жылғы 29 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулысын дайындап, оны қабылдауға белсене атсалысты. Көп ізденіс, терең зерделеу мен жан-жақты сараптаудың нәтижесінде дайындалған бұл еңбек әлі күнге судьялардың бағдаршамына айналып келеді.

Төлебай Әжібекұлы өзінің бойындағы білімі мен тәжірибесін жас судьяларға бөлісуден жалықпаған емес. Қазіргі Сот кеңесі жанындағы Сот төрелігі академиясының талай жылдан бергі белді оқытушысы. Отставкаға шыққанына қарамастан әлі де өзінің тәлімін жас судьяларға беруден шаршаған жоқ. «Ұстазы жақсының ұстамы жақсы» демекші, Төлекеңнің тәрбиесін алып, білімімен сусындаған жастардың ертең ел игілігіне адал қызмет ететін, заңдық тұрғыдан сауатты, кәсібіне шын берілген судья боларына сеніміміз зор.

Мемлекет оның еңбегін елеусіз қалдырған жоқ. «Құрмет» ордені, «Қазақстан Конституциясына 10 жыл», «Астананың 10 жылдығы» және тағы басқа мерекелік медальдармен, Жоғарғы Соттың ведомстволық медальдары, Жоғарғы Сот пен Судьялар одағының Құрмет грамоталары – Төлебай Әжібекұлының адал еңбегінің айғағы.

Төлебай Әжібекұлымен бірге істеген жылдары мен оның біреуге ашуланғанын көрмеппін. Басқа біреу туралы жағымсыз пікір айтқанын естіген емеспін. Төлекең ортаға сыйлы, жанындағы азаматтардың жағдайын түсіне білетін. Ол өзінің уақытымен санаспай, жақындары қайтыс болған, басына қиындық түскен судьяларға көмектесіп күн-түн демей қолдау көрсетіп жүретін.

Ол иман жүзді, жүрегі жылы, сабырлы, сөзге тоқтау, жастарға жол көрсеткен ұстаз, отбасында ардақты жар, аяулы әке, қамқор ата.Судья болу – тек үкім шығару емес, адамның жүрегіне әділдікпен жол табу болса, осы ұстанымымен ол бүкіл ғұмырын өткерді.

Бүгін жетпістің төрінде отырған Төлебай Әжібекұлының қажымай-талмай қызмет еткен әділдік жолы – кейінгі ұрпақ үшін әрқашан үлгі, мектеп болып қала береді.

Әділ ҚҰРЫҚБАЕВ,
Жоғарғы Соттың отставкадағы судьясы,
Қазақстанның Құрметті судьясы,
Сот Төрелігі академиясының Құрметті профессоры

СҰХБАТ

Мақсат ЖАҢБЫРШИЕВ, *ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Алматы қаласы бойынша департаментінің Мемлекеттік қызметтер көрсету басқармасының басшысы:*

«САПА – МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ ТИІМДІЛІГІН АЙҚЫНДАЙТЫН КӨРСЕТКІШ»

– Мақсат Мұратбекұлы, Алматы қаласында мемлекеттік қызметтерді көрсету бойынша жалпы ахуал қалай?

– Бүгінде Алматы қаласында мемлекеттік қызметтерді 47 қызмет көрсетуші жүзеге асырады. Оның ішінде 24-і – аумақтық мемлекеттік органдар, 23-і – жергілікті атқарушы органдар. Жалпы қала тұрғындарының мемлекеттік қызметтің 365 түрін алуға мүмкіндігі бар.

2025 жылдың қорытындысы бойынша Алматы қаласында 20 280 688 мемлекеттік қызмет көрсетілген. Оның ішінде жергілікті атқарушы органдар осы қызметтің 76,9 пайызын ұсынса, ал аумақтық мемлекеттік органдар 4 23,08 пайызын көрсеткен. Мемлекеттік қызметтердің басым бөлігі электрондық форматта ұсынылады. Атап айтқанда, 2025 жылы 17 779 127 қызмет немесе 87,67% электрондық түрде көрсетілген. Осының өзі цифрландыру деңгейінің жоғарылығын ғана емес, азаматтардың электрондық мемлекеттік қызметтерді кеңінен пайдалана алатынын көрсетсе керек.

– Алматыдай алып шаһарда кең көлемді қызмет ұсынып отырған департаментке биыл тұтынушылардан қанша өтініш түсті? Өтініштерді қарау кезінде қандай тәсілдер қолданылады?

– 2026 жылдың 6 айында департаментке мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша 509 өтініш түсті. Өтініштерді қарау барысында азаматтардың мәселесін тек құжат жүзінде зерделеумен шектелмей, өтініш берушілер мен қызмет көрсетушілердің қатысуымен тікелей қарау тәжірибесі де қолданылады. Мұндай тәсіл нақты проблеманы жедел анықтауға, тараптардың ұстанымдарын тыңдауға, әкімшілік кедергілерді азайтуға және қайталама шағымдардың алдын алуға мүмкіндік береді. Осының нәтижесінде 119 өтініш беруші өз өтініштерін кері қайтарып алды. Бұл азаматтардың мәселелерін жедел түрде түсіндіру және шешу тетіктерінің тиімділігін көрсетеді.



– Мемлекеттік қызмет көрсету сапасына бақылау қалай жүзеге асырылады?

– Мемлекеттік бақылау тек азаматтардың шағымдары мен өтініштерін қараумен шектелмейді. Департамент тарапынан ақпараттық жүйелерге қол жеткізу, есептік ақпараттар мен мәліметтерді талдау арқылы қашықтан бақылау жүргізу тетігі де қолданылады.

Қашықтан бақылау мемлекеттік қызмет көрсету процесін тұрақты бақылауға, ықтимал бұзушылықтарды ерте кезеңде анықтауға және олардың алдын алуға мүмкіндік береді. Осы бағытта жүргізілген жұмыстар нәтижесінде 3 778 құқық бұзушылық анықталды.

Бұл реттегі басты мақсат – тек құқық бұзушылықтарды анықтап, жауапты тұлғаларды жауапкершілікке тарту емес. Ең маңыздысы – олардың туындау себептерін анықтау, жүйелі кемшіліктерді жою және азаматтардың құқықтарының бұзылуына жол бермеу.

– Аталған көрсеткіштер мемлекеттік қызмет көрсету саласына қалай әсер етті?

– Бір жағынан, мемлекеттік қызметтердің электрондық форматқа көшуі азаматтар үшін қолжетімділікті арттырып, қызмет алу процесін жеңілдетуге мүмкіндік берді. Екінші жағынан, көрсетілетін қызметтер көлемінің ұлғаюы мемлекеттік органдар тарапынан заңнама талаптарының қатаң сақталуын және қызмет көрсету процестеріне тұрақты мониторинг жүргізуді талап етеді.

Сондықтан департаменттің жұмысы азаматтардың өтініштерін қарау, мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бақылау, қашықтан мониторинг жүргізу және анықталған бұзушылықтардың себептерін жүйелі түрде талдаумен қатар жүзеге асырылады.

– Жалпы, азаматтардың мемлекеттік қызмет алу кезінде кездесетін мәселелері толық шешілді ме?

– Азаматтың шағымын шешу маңызды. Алайда оны шешу басқа азаматтардың да құқығының бұзылуына түрткі болса, мәселені жүйелі түрде қарау қажет. Осыған байланысты азаматтардың өтініштері, мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелері, қашықтан жасалған мониторинг барысында анықталған бұзушылықтар және өзге де ақпараттар кешенді түрде талданады. Департаменттің негізгі мақсаты – азаматтардың бұзылған құқықтарын қалпына келтірумен ғана шектелмей, құқық бұзушылықтардың алдын алу, әкімшілік кедергілерді азайту және мемлекеттік қызмет көрсету сапасын тұрақты түрде арттыру.

Мемлекеттік қызмет – азамат пен мемлекет арасындағы тікелей байланыстың маңызды бөлігі. Сондықтан оның сапасы, ашықтығы және қолжетімділігі – мемлекеттік басқарудың тиімділігін көрсететін негізгі көрсеткіштердің бірі.

– Уақыт тауып ой бөліскеніңізге рақмет!

Гүлім ТӨРЕҚАН,
ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Алматы қаласы бойынша департаменті Мемлекеттік қызметтер көрсету басқармасының бас маманы

ИГІ ІС

Астанада өткен «C5+1 SI: Экономикалық өсу үшін цифрлық инновациялар» атты конференцияда АҚШ Мемлекеттік хатшысының Орталық Азия жөніндегі орынбасарының көмекшісі Марк Кэмерон АҚШ Орталық Азияның цифрлық болашағын қолдау үшін 5 миллион доллар бөлінетінін мәлімдеді.

АҚШ ҚАУІПСІЗ ЦИФРЛЫҚ БОЛАШАҚ ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА МҮДДЕЛІ

Ол бүкіл Орталық Азия үшін сенімді әрі қауіпсіз цифрлық болашақ қалыптастыруға, сондай-ақ аймақтағы американдық компаниялардың жұмыс істеу ортасын жақсартуға бағытталған. Оған C5+1 форматының жеке секторы бастамашылық ететін B5+1 форматындағы әріптес алаңы да кіреді. Ол мемлекеттік және жеке секторлар арасындағы диалогты жеңілдетіп, АҚШ пен Орталық Азия серіктестігін нығайтады және екіжақты сауда мен инвестицияны алға жылжытады деп болжануда.

Жалпы Орталық Азия елдеріне АҚШ 9 млрд доллардан астам тікелей қаржылай көмек көрсетті. Сонымен қатар, халықаралық даму банктері мен көпжақты институттар арқылы тағы 50 млрд долларға жуық грант, несие мен кепілдік бағытталған. АҚШ-тың Орталық Азияға бағыттаған көмегі мен инвестицияларының негізгі көрсеткішіне көз жүгіртер болсақ 9 млрд доллардан астам қаржы тікелей көмек ретінде берілген. Ол егемендікті нығайту, қауіпсіздік, демократиялық институттар мен экономиканы дамытуға бағытталған. Ал жеке сектор инвестициялары 31 млрд доллардан асады. Ол аймақ экономикасына салынған. Десек те, 2025 жылдың басында АҚШ-тың жаңа әкімшілігінің сыртқы көмек бағдарламаларын (соның ішінде USAID жобаларын) оңтайландыру мен қысқарту туралы шешімі өңірдегі кейбір қаржыландыру көлеміне әсер еткенін де айта кеткен жөн.

Е.КЕБЕКБАЙ,
«Заң газеті»

№ 76 (3903)
9 қазан 2026 жыл
zangazet@mail.ru

КӨЗҚАРАС

ПЕДАГОГ – ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘДЕНИЕТТІҢ НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫ

Қазіргі білім беру жүйесіне қойылатын талап сапалы пәндік біліммен ғана шектелмейді. Бүгінгі мектеп жас ұрпақтың дүниетанымын, азаматтық ұстанымын және құқықтық санасын қалыптастыратын маңызды әлеуметтік институтқа айналып отыр. Сондықтан педагог даярлау мәселесі тек кәсіби кадр дайындау емес, қоғамның құқықтық мәдениетін нығайтатын стратегиялық бағыт ретінде қарастырылуы тиіс.



Айдос ҚОЖАҒҰЛ,
QyzPU аға оқытушысы,
PhD доктор

Мемлекет басшысы ұсынған «Адал азамат» тұжырымдамасы білім беру саласына да үлкен жауапкершілік жүктейді. Адалдық, әділеттілік, заңға құрмет сияқты құндылықтар адам бойына бір күнде сіңбейді. Олар отбасындағы тәрбие, мектептегі орта, ұстаздың жеке үлгісі арқылы қалыптасады. Осы тұрғыдан алғанда, мұғалім – оқушыға білім беретін маман ғана емес, қоғамдағы құқықтық мәдениеттің алғашқы негізін қалайтын тұлға.

Бала әділеттілікті ең алдымен мектептен көреді. Мұғалімнің баға қоюдағы адалдығы, оқушыға бірдей талап қоюы, ата-анамен қарым-қатынасындағы ашықтығы, кәсіби этиканы сақтауы – мұның бәрі жасөспірімнің құқық пен жауапкершілік туралы түсінігіне тікелей әсер етеді. Демек, болашақ педагогтің кәсіби даярлығы оның пәндік құзыретімен ғана емес, азаматтық ұстанымымен де өлшенуі керек.

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті үшін бұл мәселенің мәні ерекше. Өйткені еліміздегі мектептерде еңбек етіп жүрген педагогтердің басым бөлігі – әйел ұстаздар. Университет қабырғасынан шыққан әр жас маман ертең мектепке барып, мыңдаған оқушының көзқарасына ықпал етеді. Сондықтан болашақ мұғалімнің бойында академиялық адалдық, құқықтық сауат, кәсіби жауапкершілік және әлеуметтік сезімталдық қатар қалыптасуы қажет.

Академиялық адалдық – кәсіби мәдениеттің негізі

Жоғары оқу орнында академиялық адалдықты қамтамасыз ету – тек тәртіптік талап емес. Бұл болашақ маманның кәсіби мінезін қалыптастыратын маңызды тетік. Студент оқу барысында әділ бағалауды, ашық талапты, жауапкершілік пен еңбектің құнын сезінуі тиіс. Себебі ертең мектепке барған жас педагог дәл осы ұстанымдарды өз шәкірттеріне жеткізеді.

Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университетінде академиялық адалдық мәселесі жүйелі түрде жолға қойылған. Оқу орнында дербес комплаенс қызметі мен Әдеп комиссиясы жұмыс істейді. Бағалау, жатақхана бөлу және басқа да маңызды процестердің цифрлық форматқа көшуі ашықтықты күшейтіп, адами фактордың ықпалын азайтуға мүмкіндік береді. Дипломдық жұмыстар мен диссертациялардың лицензияланған антиплагиат жүйесінен өткізілуі де сапа мен жауапкершілікке қойылатын нақты талаптың көрінісі.

Бұл шаралардың негізгі мақсаты – студентті жазалау емес, оның ішкі кәсіби мәдениетін қалыптастыру. Өйткені академиялық адалдық сыртқы бақылаудан емес, адамның өз еңбегіне, мамандығына және қоғам алдындағы жауапкершілігіне деген құрметінен басталады. Студент кезінде әділетсіздікке бейімделген жас маманның ертең оқушы алдында сөзі де, ұстанымы да салмақты бола қоймайды.

Осы бағытта университетте «Парасат кеңістігі» аясында кездесулер, пікірталастар, кәсіби-этикалық талқылаулар өткізіледі. Мұнда болашақ педагогтер бағалаудағы әділдік, мүдделер қақтығысы, мұғалім мен ата-ана арасындағы байланыс, оқушы құқығын қорғау, педагогтің кәсіби шекарасы сияқты мәселелерді практикалық тұрғыда қарастырады.

Педагогтің қоғамдық жауапкершілігі

Бүгінгі мұғалімнің қызметі сыныпбөлмесімен шектелмейді. Әсіресе, ауылдық жерде педагогтің қоғамдық рөлі айрықша. Ол оқушыға білім береді, ата-анамен байланыс орнатады, жасөспірімнің тұлғалық дамуына ықпал етеді, кей жағдайда жергілікті ортадағы әлеуметтік мәселелердің де шешілуіне атсалысады.

Сондықтан болашақ мұғалім өз пәнін жетік меңгерумен қатар, қарым-қатынас мәдениетін білетін, дау-дамайды өршітпей шешуге қабілетті, баланың да, ата-ананың да, әріптесінің де құқығын заң аясында түсіндіре алатын кәсіби тұлға болуы қажет. Университетте студенттердің көшбасшылық қабілетін, медиация дағдыларын және кәсіби этикасын дамытуға мән берілуі осы қажеттіліктен туындайды.

Инклюзивті білім және әлеуметтік сезімталдық

Қоғамның даму деңгейі оның ерекше қолдауды қажет ететін азаматтарға деген қарым-қатынасынан көрінеді. Осы тұрғыдан алғанда, инклюзивті білім беру – тек педагогикалық бағыт емес, гуманистік әрі құқықтық маңызы бар мәселе. Әр баланың сапалы білім алуға құқығы бар және бұл құқық мектеп қабырғасында нақты қамтамасыз етілуі тиіс.

Университетте болашақ мамандарды бейімделген бағдарламалар әзірлеуге, инклюзивті орта қалыптастыруға, ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың отбасымен кәсіби байланыс орнатуға үйрету маңызды бағыттардың бірі саналады. Бұл педагогтен әдістемелік дайындықпен бірге психологиялық сезімталдықты, сабырды және адам қадір-қасиетіне құрметпен қарауды талап етеді.

Инклюзия ұғымы мектептегі ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен жұмыс істеумен ғана шектелмейді. Ол қоғамдағы әр адамның орнын мойындауды, түрлі буын өкілдерімен дұрыс қарым-қатынас орнатуды, әлеуметтік жауапкершілікті сезінуді қамтиды. Осы тұрғыда университеттегі «Күміс университет» жобасының тәрбиелік мәні жоғары. Жоба аясында студенттер аға буын өкілдеріне цифрлық сауаттылық пен қаржылық қауіпсіздік негіздерін үйретіп, қоғаммен жұмыс істеудің нақты тәжірибесінен өтеді.

Тұлек сапасы – университет беделінің өлшемі

Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университетінің Times Higher Education Impact Rankings жаһандық рейтингінде білім сапасы мен гендерлік теңдік бағыттары бойынша көрінуі – оқу орнындағы жүйелі жұмыстың нәтижесі. Мұндай көрсеткіштер университеттің халықаралық кеңістіктегі орнын айқындап қана қоймай, білім беру сапасына, әлеуметтік жауапкершілікке және тұрақты даму қағидаттарына берілген бағасын көрсетеді.

Дегенмен, педагогикалық жоғары оқу орнының басты нәтижесі рейтингпен ғана өлшенбейді. Ең маңызды көрсеткіш – университет қабырғасынан шыққан түлектің мектепке қандай кәсіби және азаматтық ұстаныммен баруы. Жас маман өз пәнін жақсы білуі мүмкін. Бірақ оның бойында әділеттілік, жауапкершілік, құқықтық сауат және адамға құрмет болмаса, толыққанды педагог ретінде қалыптасуы қиын.

Педагог даярлау ісі диплом берумен аяқталмайды. Бұл – болашақ ұрпақтың құқықтық мәдениетін, азаматтық жауапкершілігін, адамгершілік бағдарын қалыптастыруға бағытталған ұзақ әрі жауапты процесс. Университет қабырғасында әділдік пен ашықтықты көрген, адалдықты кәсіби құндылық ретінде қабылдаған жас ұстаз ертең сол ұстанымды шәкірттеріне жеткізеді.

Сондықтан құқықтық мәдениет туралы сөз қозғағанда, біз ең алдымен мектеп пен мұғалімнің рөлін назардан тыс қалдырмауымыз керек. Заңға құрмет ресми мінберден ғана емес, сыныптағы әділдіктен, ұстаздың жеке өнегесінен және білім беру ортасындағы адалдықтан басталады.

АЛТЫН ТҰҒЫР

Қазақ тілі – халықтың рухани діңгегі әрі болашаққа бастайтын көпір. Қазақ тілі – тек қарым-қатынас құралы ғана емес, ол – халықтың тірі жады, оның тарихы, дәстүрлері мен дүниетанымының көрінісі. Құндылықтар тіл арқылы беріліп, ұлттық болмыс қалыптасады және ұрпақтар арасындағы сабақтастық сақталады. Бүгінгі жаһандану мен цифрлық технологиялар дәуірінде қазақ тілінің маңызы бұрынғыдан да арта түсуде.

ҚАЗАҚША КОНТЕНТТЕРДІ КӨБЕЙТУ МАҢЫЗДЫ



Нұрсұлу МАХАЕВА,
Ақтөбе облысы мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты әкімшісінің бас маманы

Қазақ тілінің тамыры ежелгі дәуірден бастау алады. Ол түркі тілдері отбасына жатады және Орталық Азияның көшпелі мемлекеттері дәуірінде болған ежелгі түркі диалектілері негізінде қалыптасты. Ежелгі түркілердің тілі әйгілі Орхон-Енисей жазуларында (VIII ғасыр) сақталған, бұл ескерткіштер – түркі тілінің алғашқы жазбаша дәлелдерінің бірі. Аталған жазулар заманауи түркі тілдерінің, соның ішінде қазақ тілінің де дамуына негіз болған тілдің байлығы мен құрылымдық күрделілігін көрсетеді.

Қазақ хандығы (XV–XIX ғасырлар) кезеңінде қазақ тілі дербес тіл ретінде толық қалыптасты. Осы уақытта ауызша әдеби дәстүр белсенді дамыды: жыраулар мен ақындар халық тарихын, қаһармандық эпостарды, философиялық ойлар мен халық даналығын жеткізіп отырды. Тіл осылайша байып, мәнерлі әрі икемді сипат алды.

Қазақ тілінің жазбаша түрінің дамуында XIX–XX ғасырлардағы ағартушылар ерекше рөл атқарды. Олардың қатарында тілдің әдеби мүмкіндіктерін едәуір кеңейткен Абай Құнанбайұлы, сондай-ақ әліпбиді реформалап, қазақ жазуы мен тіл білімінің қалыптасуына зор үлес қосқан Ахмет Байтұрсынұлы бар.

Қазіргі Қазақстанда қазақ тілі мемлекеттік мәртебеге ие. Бұл – тек заңды норма ғана емес, сонымен бірге ұлттық бірлікті нығайтудағы маңызды қадам. Білім беру саласы, мемлекеттік мекемелер мен бұқаралық ақпарат құралдары қазақ тілін белсенді түрде қолданады.

Тілді танымал етуде заманауи технологиялар да ерекше рөл атқаруда. Әлеуметтік желілер, мобильді қосымшалар мен онлайн-платформалар күнделікті өмірде қазақ тілін үйренуге және қолдануға мүмкіндік береді. Жастардың қарым-қатынас, шығармашылық пен өзін-өзі көрсету үшін қазақ тілін жиі таңдауы оның өміршеңдігі мен дамуын көрсетеді.

Дегенмен, шешімін таппаған мәселелер де баршылық. Көптілділік жағдайында тепе-теңдікті сақтау, қазақ тілін үйренуге деген қызығушылықты арттыру және сапалы контент жасау өте маңызды. Ол үшін мемлекеттің, қоғамның және әрбір отбасының бірлескен күш-жігері қажет.

Қазақ тілінің болашағы – өз қолымызда. Ана тілінде сөйлеу, балаларға білім беру, осы тілде кітаптар жазып, фильмдер түсіру және ғылыми жұмыстар жүргізу арқылы біз тек асыл мұрамызды сақтап қана қоймаймыз, болашақ ұрпақ үшін де берік негіз қалаймыз. Қазақ тілі – ғасырлар бойы жаңғырып келе жатқан Дала дауысы. Оның ертең қаншалықты асқақ әрі сенімді естілетіні бәрімізге байланысты.

ДОДА

ОҚУШЫЛАР ӘЛЕМДІК РОБОТ ОЛИМПИАДАСЫНДА ҚОЛА МЕДАЛЬ ИЕЛЕНДІ

Қазақстандық оқушылар Үндістанның Хайдарабад қаласында өткен Әлемдік «Asia-Pacific Open Championship – 2026» халықаралық робототехника чемпионатында қола жүлдеге ие болды. Әлемдік робот олимпиадасы – шығармашылық, инженерлік және мәселелерді шешу дағдыларына бағытталған жаһандық робототехника жарысы. Үндістандағы бұл байрақты бәсекеге ел құрамасын «Назарбаев зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы (NIS) дайындаған болатын. Ол 2014 жылдан бері World Robot Olympiad (WRO) қозғалысының Қазақстандағы ұлттық үйлестірушісі қызметін атқарып келе жатыр.

Бұл жарыста әлемнің 25 елінен келген 400-ге жуық жас инженер 150-ге тарта команда құрамында бақ сынаған болатын. Қазақстан атынан онда ел намысын Ақтау, Түркістан және Шымкент қалаларынан қатысқан үш команда қорғады. Тартысты өткен сайыста Ақтаудағы мамандандырылған IT-лицейдің «ITL NOMAD» командасы Оңтүстік Корея, Германия, Иран, Үндістан және Румыниядан келген қарсыластарын басып озып, қола жүлдеге ие болды. Ернұр Шамыран мен Данияр Тенелхан өз жаттықтырушылары Ырысжан Шахимованың жетекшілігімен «Smart Museum» жобасын таныстырып, Future Innovators Elementary санатында 160 ұпаймен үздік үштікке енді. «Smart Museum» жобасы музейге арналған робот-гид пен қазақтың ұлттық аспаптарының 3D модельдерінен тұрады. Оның көмегімен музейге саяхаттап келушілер экспоната тармен танысып, ұлттық аспаптардың төл үнін тыңдай алады.

Түркістандағы RoboMektep.kz робототехника мектебінің Дулат Әбдіхалық пен Хақназар Джаксылыковтар Алмас Ташимовтың жетекшілік етуімен құрылған «RoboKent/RoboMektep.kz» командасы RoboMission Elementary санатында үздік ондыққа енді. Ал Шымкенттегі RoboPark робототехника мектебінің «RP_Energy» командасы RoboMission Junior санатында 18-орынды иеленді.

Халықаралық деңгейдегі мұндай жарыстар қазақстандық оқушыларға әлемнің үздік жас робототехниктерімен бәсекеге түсіп, инженерлік дағдыларын шыңдауға және тәжірибе алмасуға мүмкіндік береді.

WRO Asia-Pacific Open Championship – World Robot Olympiad аясында жыл сайын әлемнің үш өңірінде өтетін халықаралық ашық чемпионаттардың бірі. Бұл жарыстар Азия-Тынық мұхиты аймағында, Еуропа және Америка құрлықтарында ұйымдастырылады. Мәселен, Америка чемпионаты Калифорниядағы Онтариоада, Азия-Тынық мұхиты чемпионаты Үндістандағы Хайдарабадта өтті. Енді 13-16 қазанда Еуропа чемпионаты Хорватияның Загреб қаласында болады. WRO 2026 халықаралық маусымы одан кейін 8-10 желтоқсан аралығында Пуэрто-Риконың Сан-Хуан қаласында өтетін әлемдік финалмен жалғасады. Әлемдік финалда Қазақстан намысын тоғыз команда қорғайды. Оның бесеуі – Назарбаев зияткерлік мектептерінен, ал төртеуі – еліміздің жалпы білім беретін мектептерінен.

Биылғы маусым «Robots Meet Culture» тақырыбына арналған. Мұнда командалар роботтардың бүгінгі әлемде өнер мен мәдениетті қалыптастыруға, қорғауға және дамытуға қалай көмектесетінін зерттеді. Атап айтқанда ежелгі үңгір суреттерінен бастап заманауи цифрлық өнерге, сәннен сәулетке дейін. Адамдар әрдайым шығармашылықты пайдаланып, оқиғаларды айтып, дәстүрлерді сақтап, өзгерістерге шабыт берген. Ал роботтар біздің мәдени тарихымыздың шығармашылық серіктестері мен қорғаушыларына айналуда. Олар ескі өнерді қайта тірілтіп, жаңа әрі қызықты өнер түрлерін жасауға көмектесіп, мәдени қазыналарға әлемнің түкпір-түкпіріндегі адамдарға оңай қол жеткізе алады. Роботтар қауымдастықтарға өз оқиғаларын жаңа әрі қуатты тәсілдермен бөлісуге көмектесе алады. Роботтар мәдениетпен кездескенде шексіз мүмкіндіктер пайда болады.

Е.КЕБЕКБАЙ,
«Заң газеті»

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН–185

Қазақ халқының рухани, мәдени және қоғамдық ой-сана тарихында өшпес із қалдырған ұлы тұлғалардың қатарында Ыбырай Алтынсариннің есімі айрықша аталады. Ұлы ағартушының туғанына 185 жыл толуы – ұлттық тарихымыздағы аса маңызды мерейтойлардың бірі. Бұл атаулы дата халқымыздың болашағын білім мен ғылымнан іздеген, қазақ даласында алғаш рет зайырлы білім беру жүйесінің негізін қалаған, жас ұрпақтың санасына ізгілік пен адамгершілік құндылықтарын сіңірген көрнекті педагогтің өмір жолы мен мол мұрасын кеңінен зерделеуге мүмкіндік береді.

«БІР АЛЛАҒА СЫЙЫНЫП, КЕЛ, БАЛАЛАР, ОҚЫЛЫҚ!»

Ыбырай Алтынсарин – өзінің бар ғұмырын халқына қызмет етуге арнаған, қазақ қоғамының ағартушылық бағытта дамуына зор ықпал еткен, ұлттық білім беру жүйесінің қалыптасуына өлшеусіз үлес қосқан тарихи тұлға.

Ыбырайдың білім алуы оның балашақ қызметінің бағытын айқындады. Орынбордағы қазақ балаларына арналған мектепте білім алып, орыс тілін меңгеруі, орыс және Еуропа әдебиетімен танысуы оның дүниетанымын кеңейтті. Ол сол кездегі педагогикалық ой-пікірлердің озық үлгілерін зерделей отырып, алған білімін өз халқының игілігіне жұмсауды мақсат етті. Ыбырай үшін білім тек сауат ашудың құралы ғана емес, адамның дүниеге көзқарасын қалыптастыратын, қоғамды алға жетелейтін, халықтың тұрмысын жақсартатын үлкен күш болды. Сондықтан ол өзінің кейінгі бүкіл саналы ғұмырын қазақ даласында мектеп ашуға, балаларды оқытуға, ұстаздар даярлауға, оқу құралдарын жазуға және халық арасында білімнің маңызын насихаттауға арнады.

XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ даласында білім беру ісінің жүйелі жолға қойылуы өте күрделі мәселе еді. Халықтың басым бөлігінің тұрақты мектептерге қолжетімділігі төмен болды. Осындай жағдайда Ыбырай Алтынсарин елдің әр өңірінде мектептер ашып, қазақ балаларының білім алуына жағдай жасауға күш салды. Торғай өңірінде инспекторлық қызмет атқара жүріп, мектептер ұйымдастырды, оқу-ағарту ісін жүйелеуге атсалысты. Оның бастамасымен бастауыш мектептермен қатар қолөнер және ауыл шаруашылығы бағытындағы оқу орындарын ашу ісі қолға алынды. Мұндай білім беру мекемелері қазақ жастарына тек теориялық білім беріп қана қоймай, оларды еңбекке, кәсіпке, өмірге бейімдеуге бағытталды. Бұл – Ыбырайдың өз заманынан озық тұрған педагогикалық көзқарасының айқын көрінісі.

Ұлы ағартушының білім беру саласындағы ең үлкен жетістіктерінің бірі – қазақ қыздарының оқуына ерекше көңіл бөлуі. Ол қыз балалардың да білім алуы қоғамның дамуы үшін аса қажет екенін түсінді. Қазақ қыздарына арналған мектеп-интернат ашып, әйелдердің білім алуына ықпал еткені сол кезең үшін үлкен жаңашылдық болды.

Ұлы ұстаз қазақ балаларына арналған оқу құралдарының қажеттігін де терең сезінді. Осы мақсатта 1879 жылы жарық көрген «Қазақ хрестоматиясы» еңбегін жазды. Бұл кітап қазақ балаларының ана тілінде білім алуына мүмкіндік берген алғашқы маңызды оқу құралдарының бірі болды. Хрестоматияға енгізілген шығармалар балалардың жас ерекшеліктеріне сай таңдалып, олардың білімге деген қызығушылығын арттыруға, ойлау қабілетін дамытуға, жақсы мен жаманды ажырата білуіне ықпал етті. Ыбырай оқу материалын баланың түсінігіне жеңіл, тілі қарапайым әрі мазмұнын тәрбиелік мәні жоғары етіп ұсынуға тырысты. Осы арқылы ол қазақ тіліндегі оқу әдебиетінің қалыптасуына жол ашты.

Ыбырай Алтынсариннің әдеби мұрасы да қазақ мәдениеті тарихында айрықша орын алады. Ол қазақ балалар әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі ретінде танылды. Оның «Кел, балалар, оқылық!» атты өлеңі білімге шақырған ұран іспетті шығармаға айналды. «Бір Аллаға сыйынып, кел, балалар, оқылық!» деп басталатын бұл туынды жас ұрпақты оқу мен білімге ұмтылуға, өнер үйренуге шақырады. Ақын білімнің адамның өміріндегі маңызын қарапайым әрі әсерлі тілмен жеткізе отырып, надандық пен жалқаулықтың адам дамуына кедергі келтіретінін көрсетті. Бұл шығарма өзінің тәрбиелік мәнін бүгінгі күнге дейін жоғалтқан жоқ.

«Өнер-білім бар жұрттар» өлеңінде ағартушы ғылым мен техниканың жетістіктерін жоғары бағалап, білімді халықтардың өміріндегі өзгерістерді үлгі етеді. Ол жастарды өнер мен ғылымды меңгеруге, өркениетті елдерден үйренуге үндейді. Темір жол, телеграф секілді сол дәуірдегі техникалық жаңалықтарды мысалға ала отырып, білім мен өнердің қоғамды өзгертетін күш екенін көрсетеді. Ыбырайдың бұл шығармалары қазақ қоғамының жаңғыру идеясын әдебиет арқылы жеткізген маңызды туындылар болып саналады.

Ыбырай Алтынсариннің еңбегін тек педагог немесе жазушы қызметімен шектеуге болмайды. Ол – қазақ қоғамының әлеуметтік және мәдени мәселелеріне өзіндік көзқарасы қалыптасқан ағартушы-ойшыл. Ол халықтың тұрмысын, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын зерттеп, этнографиялық сипаттағы еңбектер жазды. Қазақ халқының дәстүрлі мәдениетін ғылыми тұрғыдан сипаттауға атсалысты. Оның этнографиялық мұрасы сол дәуірдегі қазақ қоғамының тұрмыс-тіршілігін, дүниетанымын және мәдени ерекшеліктерін тануға мүмкіндік беретін құнды дерек көзі.

Ыбырай Алтынсарин өз дәуірінің шеңберімен шектеліп қалмай, болашаққа көз жүгірткен көреген тұлға болды. Ол қазақ халқының болашағын білімді, мәдениетті, еңбекқор ұрпақпен байланыстырды. Оның мектеп ашуы, оқулық жазуы, балаларға арналған шығармалар дүниеге әкелуі – барлығы бір мақсатқа, яғни халықты өркениет жолына бастауға бағытталды. Ол үшін білім жеке адамның жетістігі емес, ұлттың тұтастай дамуына қызмет ететін қоғамдық күш болды. Ыбырай есімі қазақ тарихында ағартушылықтың, ұстаздықтың, адал еңбектің және елге қызмет етудің символына айналды.

Аида ӘЖМАДИН,
Ақтөбе қаласалық №2 сотының бас маманы-сот отырысының хатшысы

ЖАРНАМА

ТАРАТУ

4. «ТАСЛИМ» ЖШС (БСН 151040004518) (Астана қаласы, Нұра ауданы, Қайым Мұхамедханов көшесі, 4Б үй, т.е.б.13), өзінің таратылатынын хабарлайды. Талаптар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде келесі мекенжайда қабылданады: Астана қаласы, Байқоңыр ауданы, Ш.Жиенқұлова көшесі, 9-ғимарат, 3-қабат. Тел. 8 701 035 77 67.

5. «Express Avto» ЖШС (БСН 241040007395) (ҚР, Астана қаласы, С.Нұрмағамбетов көшесі, 27/1-үй, 40-пәтер) өзінің таратылатынын хабарлайды. Талаптар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде жоғарыдағы мекенжайда қабылданады. Тел. 8 771 390 16 44.

6. «АйроТехСнаб KZ» ЖШС (БСН 220140006017) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Кредиторлардың және өзге де мүдделі тұлғалардың талаптары осы хабарлама жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Қарағанды қаласы, Ермеков көшесі, 33-құрылыс. Тел. +7 777 120 70 32.

11. «Doner City Almaty» ЖШС (БСН 220740009975) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Қонаев көшесі, 41/49-ғимарат.

16. «Leadbrothers (Лидбразерс)» ЖШС (БСН 141240020864) (Алматы қаласы, Желтоқсан көшесі, 115-үй, 256-кеңсе), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Н.Назарбаев даңғылы, 148-үй, 23-пәтер. Тел. +7 747 183 88 90.

17. «SoFi Group» ЖШС (БСН 111040017465) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Қазыбек би көшесі, 117/86-үй, 801-кеңсе, тел. +77019824198.

18. «LIDU» ЖШС (БСН 211140028950) өзінің таратылғандығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Атырау облысы, Исатай ауданы, Нарын ауылдық округі, Жана Жанбай ауылы, Ұстаздар көшесі, 6-үй, тел. 87087394399.

19. «M CINEMA KZ» ЖШС (БСН 240140036301) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: 050070, Алматы қаласы, Наурызбай ауданы, Қарғалы ықшамауданы, Кенесары хан көшесі, 54/6-үй, 8-пәтер, тел. +7 707 817 20 23.

20. «Эндаумент Целинный» корпоративтік қоры (БСН 220940014828) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Алатау ауданы, Масанчи көшесі, 59-үй, индекс A05F2G1, тел. +7 701 965 97 24.

21. «ТрансСтрой Компания ICKER» ЖШС (БСН 100340005428) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қаскелең қаласы, Саламатов көшесі, 115. Тел. 87778360482.

25. «okinterior.kz» ЖШС (БСН 190940010690) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, 13-әскери қалашық, 20 «Б», 3-пәтер. Тел. +7 (705) 335-39-66.

29. «Байкен-7» ЖШС (БСН 210940020298) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы, Қазығұрт ауылдық округі, Қазығұрт ауылы, Қабанбай батыр көшесі, 27-үй, индекс 160301.

30. «Қыздаркүл Ана» ЖШС (БСН 210440006650) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Түркістан облысы, Отырар ауданы, Маяқұм ауылдық округі, Маяқұм ауылы, Хантөре Жұмабеков көшесі, 6-үй, индекс 160710.

ӘРТҮРЛІ

7. «Иван Зенченко» ЖШС (БСН 041240001768) серіктестік қатысушыларына «Иван Зенченко» ЖШС қатысушыларының кезектен тыс жалпы жиналысы өткізілетіні туралы хабарлайды. Жиналыс 2026 жылы 16 қарашада сағат 11:00-де мына мекенжайда өтеді: Солтүстік Қазақстан облысы, Аққайың ауданы, Ленинское ауылы, Жұмабаев көшесі, 16.
Күн тәртібі:
«Иван Зенченко» ЖШС-ін «Иван Зенченко» коммандиттік серіктестігіне қайта құру.
Қайта құру жоспарын бекіту.
Жарғы мен құрылтай шартын бекіту.
Атқарушы органды сайлау.

8. «Хериот-Уатт жобалық кеңсесі» ЖШС (бұрынғы атауы – «Қ. Жұбанов атындағы АӨУ жоғары колледжі» ЖШС), (БСН 200740005116) 21.09.2026 ж. Жалғыз қатысушының № 26 шешіміне сәйкес, ЖШС ерікті түрде таратылу рәсімі тоқтатылғанын хабарлайды. «Заң» газетінде (28.07.2026 ж. № 55) «Қ. Жұбанов атындағы АӨУ жоғары колледжі» ЖШС-ін тарату туралы бұрын жарияланған хабарландыру жарамсыз деп саналсын.

22. «МИК Ломбард» ЖШС кепілге қойылған алтын бұйымдарын сату бойынша сауда-саттық өткізеді. Сауда-саттық 2026 жылғы 10 қазанда сағат 10:00-ден 20:00-ге дейін Астана қаласы, Әнет баба көшесі, 11/2, ТЕУ 15 мекенжайында өтеді. Тел. +7 777 955 08 35.

23. «Standard Инвестициялық Компаниясы» АҚ Басқарушы компаниясы «Standard – еурооблигациялар» ИАПҚ (ISIN kzpf00000843) пайларын сатып алуға өтінімдерді қабылдаудың басталғаны туралы хабарлайды. Өтінімдерді қабылдау ИАПҚ ережесіне сай №4 қосымшаның 9.1-тармағына сәйкес, 10.10.2026 9:00-ден -19.10.2026 18:00 дейін Астана қаласының уақытымен жалғасады.

26. Киссер Игорь Владимирович, мекенжайы: Лисаковск қаласы, 11-шағын ауданы, 98-үй, 9-пәтер, Қостанай облысы Лисаковск қалалық сотына 1952 жылғы 18 тамызда туған, Қостанай облысы Мантуров ауданының тумасы азамат Киссер Владимир Владимировичті хабар-ошарсыз кеткен деп тану туралы арызбен жүгінді. Киссер Владимир Владимировичтің жүрген жері туралы мәліметтері бар немесе ол туралы өзге де ақпаратқа ие тұлғалар бұл туралы хабарландыру жарияланған күннен бастап үш ай мерзімде Қостанай облысы Лисаковск қалалық сотына мына мекенжай бойынша: Лисаковск қаласы, Верхнетобольская көшесі, 20, тел. 8714-33-3-77-78, байланыс тел. 8(747)0542443 хабарлауы тиіс.

27. «NURMAX-K» ЖШС (БСН 191040010521) өзінің «NURMAX магазин» ЖШС-ін (БСН 231140026204) өзіне қосу арқылы қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 45 күнтізбелік күн ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Москвин көшесі, 25/2. Тел. 8 701 358 00 02.

28. «NURMAX магазин» ЖШС (БСН 231140026204) өзінің «NURMAX-K» ЖШС-іне (БСН 191040010521) қосылу арқылы қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 45 күнтізбелік күн ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Москвин көшесі, 25/2. Тел. 8 701 358 00 02.

МҰРАГЕРЛІК

2. 23.07.2026 ж. қайтыс болған Биімбетов Хамит Мұханбетжанұлының артынан мұрагерлік іс ашылды. Мұрагерлер Қызылорда қаласы, Мұратбаев көшесі, 18/66 мекенжайында орналасқан нотариус Л.С.Суйеубаеваға хабарласуы қажет. Тел. 8 778 000 27 27.

3. 08.08.2026 ж. қайтыс болған Нурумбетов Серикбай Жалеловичтің артынан мұрагерлік іс ашылды. Мұрагерлер Қызылорда қаласы, Мұратбаев көшесі, 18/66 мекенжайында орналасқан нотариус Л.С.Суйеубаеваға хабарласуы қажет. Тел. 8 778 000 27 27.

9. 07.04.2026 ж. қайтыс болған Пірматова Дилара Уәкілқызының артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ғ.А.Шардарбековке келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, №5-ғимарат. Тел. 8 702 233 44 99.

10. Жаңаөзен қаласының жеке нотариусы Демегенова Набат Джаумитбаевна 31.07.2026 ж. қайтыс болған Шупашов Кенжебек Молдабаевичтің артынан мұралық іс ашылуына байланысты мұрагерлеріне іздеу салады. Мұрагерлерге Жаңаөзен қаласы, Самал шағынауданы, ½-үй, 20-кеңсеге хабарласуын сұрайды.

12. 2026 жылы 28 сәуірде қайтыс болған Зейнелқан Айжанның артынан мұрагерлік іс ашылды. Мұрагерлердің Астана қаласының нотариусы Баймаханова Тымар Қожахметқызына мына мекенжай бойынша хабарласуын сұраймыз: Астана қаласы, Дінмұхамед Қонаев көшесі, №14-үй, ВП:52, тел. +77012202088.

13. 2026 жылы 24 тамызда қайтыс болған Мухаманов Беркинжан Ибраимовичтің артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлер және барлық мүдделі тұлғалар мұралық құқығын жүзеге асыру үшін нотариус С.С.Жұмадуллаеваға келуін сұрайды. Мекенжайы: Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Шелек ауылы, Малай батыр көшесі, нөмерсіз ғимарат.

14. Жылқыбаев Сейтжаппар Абшукировичтің 2026 жылдың 6 сәуірінде қайтыс болуына байланысты артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлер нотариус А.Ж. Нургалиеваға мына мекенжай бойынша жүгінуі қажет: Қызылорда қаласы, Сүлейменов көшесі, 58/2. Тел. 8 777 453 79 79.

15. Нуримбетова Айткуль Арпилаевнаның 2026 жылғы 10 сәуірде қайтыс болуына байланысты артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлер нотариус А.Ж. Нургалиеваға мына мекенжай бойынша жүгінуі қажет: Қызылорда қаласы, Сүлейменов көшесі, 58/2. Тел. 8 777 453 79 79.

24. 2026 жылы 1 маусымда қайтыс болған Кенжеалиева Жанар Өтегенқызының артынан Атырау нотариаттық округінің нотариусы Камзагалиева Роза Тлеккабыловнада мұрагерлік іс ашылды. Осыған байланысты мұрагерлерден мұраны қабылдау үшін төмендегі мекенжай бойынша хабарласулары сұралады: Атырау қаласы, Мұса Баймұханов көшесі, 41А үй, 1Б тұрғын емес үй-жай. Тел. +7 701 222 72 74.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.:
8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Profy Agency kz» ЖК
Тел. 8 707 280 09 12, 8 705 185 75 73, 8 747 280 09 12, 8 701 739 27 83, 8 707 895 21 99
Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 60, 509-кеңсе, e-mail: zaninfo@mail.ru, www.zan-info.kz

«Media page kz» ЖК Алматы қаласы, Ақтоқын 4Б көшесі, 2-қабат, 3-кабинет. zangazet.kz, Телефон/WhatsApp: 8 707 388 40 80.

Дүйсенбек ЖК, Алматы қаласы, телефон/ WhatsApp +7 708 027 4270
e-mail: infogazet.kz@gmail.com, www. infogazet.kz

«KAIROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек Жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесі, ТЦ Алма, 4-қабат, Көк базар ауданы, тел: 8 777 378 5813, 8 707 705 9222. E-mail: kaldybayeva@mail. ru. Барлық хабарландыру What'sApp арқылы қабылданады.

«Gold Capital» ЖК Астана қаласы, Абай көшесі, 78, 105-кеңсе, Тел. 8(7172) 52-02-11, 8702 839-90-86.

«Реклама» ЖШС, Орал қаласы, Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел. 8 (7112) 50-47-34

«Озат-1» ЖШС Ақтөбе қаласы, Алтынсарин көшесі, 14 «А», 4-кабинет. Тел. 87774348344, Ақтау қаласында да қабылдау жүреді.

Аюбаева ЖК, Қарағанды қаласы, Жамбыл көшесі, 11. Тел. 8(7212) 42-00-71

Михеева Ольга Станиславовна ЖК Қостанай қаласы, Шевченко көшесі, 126, 2 -қабат. Email: gazeta2612@mail.ru. Тел. 8(7142) 54-97-06, сот. 8-777-337-36-81, 8-701-350-69-18

Гавриленко И.И. ЖК Қостанай қаласы, әл-Фараби даңғылы, 119-үй, 407 А кабинет. Тел. / факс 8(7142) 53-63-21

«Регистр» ЖК Көкшетау қаласы, Абай көшесі, 85-үй, 215-кабинет. Тел. 8-701-893-48-85, 8(7162) 25-77-17, 8(747)809-70-74

Калиаскаров Нурлан Нургисинович ЖК, Петропавл қаласы, К. Сутюшева көшесі, 58, 30 кабинеті 3-қабат. Тел. : 8(7152) 46-02-57, сот. 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59

«С. Тажибаева» ЖК Тараз қаласы, Қойкелді көшесі, 158а, ЦОН аумағы. Тел.: сот 8-7017268772, 87054422939

«Версия-Пресс» ЖШС Павлодар қаласы, Естай көшесі, 40. Тел. : 8(7182) 32-47-67, 32-49-04

Выдай ЖК, Өскемен қаласы, М. Горький көшесі, 60, тел. 8(7232)57-84-14, 8-777-225-65-06

«Фирма Назар-1» (РА «РУТА») ЖШС директор: Кривилова Татьяна Ивановна Шымкент қаласы, Г. Иляева көшесі, 47, RBK банк маңы тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp: +7-705-705-31-31. E-mail: nazar. reklama@gmail. com

Г. БАКИРОВА ЖК, Шымкент қаласы, Желтоқсан көшесі, 1-ғимарат, Заң департаменті маңы. Тел.: 87057145877

NOVA ЖК, Шымкент қаласы, Байтұрсынов көшесі,18, 4-қабат, 405-кабинет, тел. 87477260960

Сана ЖК Талдықорған қаласы, Еркін ауылы, Кемеращи көшесі, 59, тел. 87058147221

Регистр ЖК, Көкшетау қаласы, Абай көшесі, 85, 215 кабинет, тел. 87018934885

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС, Орал қаласы, Л.Толстой көшесі, 28, тел. 8(7112) 50-88-05

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қаласы, Естай көшесі, 40, тел. + 7 701 530 34 03; +7 702 210 67 33.

БАЙҚАУҒА!

МЕДБИКЕНІҢ МІНӘЖАТЫ

(Жалғасы. Басы өткен санда)

Сәлден соң ол оқиғалар туралы мәліметті бірнеше топқа бөліп тастады да, Алматы, Бішкек, Ташкент қалаларынан Ресейге қарай бағыт алған пойыздарда болған кісі өліміне қатысты деректерді бөлек қойып, мұқият зерттей бастады.

«Иә... Не деуге болар... Мына бір жігіт Диірментөбе стансасы маңында вагон тамбурынан құлап кетіп қайтыс болыпты. Мына бір әйел екінші полкадан құлап, қарақұсынан зақым алып қайтыс болған. Мына біреу Манкент маңында пышақталған, қайтыс болған жап-жас жігіт, қылмыскер пойыз үстінде ұсталған, сотталған... Ал, мынау... Тоқта, тоқта, Мэгре мырза! Қандай пойыз дейді? Ташкент – Москва... Жосалыдан өте... Мәйіт денесінен аса көп мөлшердегі алкоголь анықталған... Ақшасы ұрланғандар?! Мәссаған... Осыдан он үш жыл бұрын... Ау, ақшаларын ұрлатқандар арасында жүрген Шарап Каримов мына істегі адам емес пе екен... Қызық... Олар да көлік саудасымен айналысқан, «Волга Газ-3110» автокөліктерін зауыттан әкеліп қымбатқа сатып жүргендер. Ол кезде де бір жас орыстың сұлу қызы болған араларында. Он үш жыл бұрынғы іс қазіргімен сабақтас сияқты ғой. Иә, иә... Бірақ, Шарап Каримов Тараз қаласынан делінген екен...».

Ол басқа оқиғаларға қатысты деректерді тез қарап шықты және олар дәл мына оқиға сияқты бұл жүргізіп жатқан іске жақын келмек түгіл, тіпті жуықтаған да жоқ. Басқа әрекет, басқа мотив, басқа жағдай. Сол күні екі қызметкерге Шарап Каримовтың да, Вера Орлованың да бұрын қайда тұрғанын анықтауға тапсырма берген еді, ертеңіне-ақ, екеуінің де бұрын Тараз қаласында тұрғаны белгілі болды. Шарап сол пойыз үстінде тоналған жылы көшіп келсе, Вера келесі жылы көшіп келген. Абылай мына екеуінің арасында бұл білмейтін байланыс болғанын сезді. «Апыр-ай, наводчик Шарап болып жүрмесін, мына әйел екеуі ақшаны бөлісе алмаған болар. Кім білген... Уақыт көрсетер...».

Тергеу тобы енді негізгі бақылауды Көккөзов, Орлова және марқұм Каримов үйіне бағыттады.

Келесі күні Ақтөбе вокзалында бір орыс әйелінің ұсталғаны туралы хабар келді де, Абылай ұшаққа отырды. Ақтөбеде көліктегі полиция басқармасының уақытша ұстау абақтысындағы Лариса Сорокина жиырма бестегі келіншек екен. Пойыз үстінде ұрлықпен ұсталыпты.

– Мен ештеме білмеймін. Зат ұрланды деп отырған вагонға барған да жоқпын. Өз орнымнан қозғалған емеспін. Тараздан келемін, Орынбордағы туыстарыма бара жатырмын. Бұл сөмкені «Қарай тұрыңызшы», – деп бір жігіт қалдырып кеткен болатын. Менікі плацкарт вагон ғой, мұны жұрттың бәрі көрді, дұрысын айтар. Сұраңдар солардан...

Абылай келіншекке ойлана қарады. «Бір жігіті кім екен? Сыбайласы емес пе? Мынау талайды көрген қу сияқты ғой...».

– Жақсы... Вагондағылардың жауаптары бізде бар. Олар ештеме көрмепті.

– Көрмесе мен қайтейін, вагонда біреуді біреу аңдып отырған жоқ қой, байқамаған шығар.

– Ал, алғаш полиция қызметкерлері келе жатқанын көрген кезде сөмкені неге жоғарғы полкаға лақтырып жібердіңіз?

– Енді не істеуім керек? Әлгі қалдырып кеткен жігіттің келетін түрі жоқ. Бәлесінен аулақ деп лақтыра салдым.

– Сіздің сөмкеңізден екі істік темір табылыпты. Ол неге керек болды?

– Бұл не сөз? Ол менің жүннен шұлық, қолғап, свитр, шәлі тоқитын спицтерім ғой. Пойызда ішің пыспас үшін үлкен ермек қой тоқу деген...

Екі-үш күннен соң Лариса Сорокинаның пойыз үстінде жолаушыларды талай рет қан қақсатқан кәнігі ұры екені, бұрынғы аты-жөні – Раиса Николаева екені, сотталып келгесін Орск қаласының тұрғыны Григорий Сорокинге тұрмысқа шығып, аты мен тегін өзгертіп құжат алғаны, оншақты жылдан бері Қазақстанда тұратыны белгілі болып, сыбайласы Игорь Мальков екеуі талай қылмыс жасағаны анықтала бастады. Лариса Сорокина мен Игорь Мальковтың ісін жүргізуді Ақтөбеде қалған топ мүшелеріне тапсырып, Абылай Шымкентке оралды. «Мына екеуінің біз зерттеп жүрген іске қатысы бар ма, жоқ па әлі белгісіз. Бірақ, нағыз топтасқан қорқаулардың қолға түскені анық. Мына жақтағы шаруаны да қабат жүргізген жөн тәрізді...».



* * *

Вераның соңғы кездері ұйқысы қаша бастады. Құдай-ау, түнімен түсіне неше түрлі нәрселер кіріп, талай рет шошып оянды да. Кейде Саша да кіреді, дәл баяғысы. Ақсия күледі, қолын бұлғайды, бұл болса мәз соған. Кенет бәрі қап-қараңғы болып кетеді, сол түнгі сұмдық басталады да, шошып оянады.

...Вера мен Александр Шумейконың үйі бір көшеде болатын, екеуі бір балабақшаға барды, бір мектепте оқыды. Бұл Сашадан бір жас кіші еді. Бала күнгі достық үлкен сезімге ұласты. Саша мектепте жүргенде-ақ техникаға жақын болды да, сабақтан бос кезінде техникалық жөндеу шеберханаларында жұмыс істеді. Әскерге кетемін дегенше-ақ оны жұрт шебер ретінде тани бастады. Бұл мектеп бітіріп, медколледжге оқуға түскен жылы ол әскерге кетті. Шекара әскері қатарында болып, абыроймен борышын өтеді. Келісімен бұрынғы кәсібіне кірісті. Бұзылған техниканы жөндеуге аңсары ауатын да тұратын еді ғой. Екеуі енді үйленеміз деп жүрген, Сашаның да отбасы тура өзінікі сияқты, жалғыз шешесі бар. Мұның шешесі жедел жәрдем стансасында фельдшер болса, оның шешесі элеваторда технолог болды. Екі ана да балаларының жоспарларынан хабардар болатын, бұрыннан таныс әйелдер тіпті, бұлар заңды некеге тұрмаса да құдағи ретінде араласып та кеткен еді. Екі үйдің де тұрмысы жаман болмайтын. Иә... солай еді ғой...

Вера кейде сабақтан кеш қайтады, үйлері элеватордың сыртында болғандықтан, автобустан түскесін де он бес минуттай жаяу жүруге тура келеді, ондайда екі ананың бірі алдынан шығатын. Әскерден келген соң бір ай өте Саша бұған:

– Вера! Сабақтан кеш қайтасың. Біздің қалада түнгі көше қауіпті ғой. Мынаны сөмкеңе салып ал. Мұны ұстап жүруге тыйым салынбаған. Қорықпа! Қажет болғанда қорғануыңа керек. Ой, бұл кәдімгі отвертка ғой, қорықпа, сөмкеден тастамай салып жүр. Біреу сұрайтындай болса «Сашанікі, беруге ұмытып жүрмін дерсің», – деді.

Бұл ұзындығы жиырма сантиметрдей, жуандығы бес милиметрдей болатын отвертканы сумкасына салып көріп еді, тіпті, бар-жоғы білінбей де қалды. Сол-ақ екен бұда өзіне деген сенім пайда бола бастады, кешке оқудан қайтарда бұрынғыдай қорықпайтын болды.

Бірде Саша машина саудасымен айналысатындардың көліктерін жөндеді. Сол күні біраз ақша әкелді. Бірақ көңілкүйі жабығыңқы еді. Бұл не болғанын сұрады. Ол әуелі ештеме айтпай, қипақтағанымен, аздан соң ішіне сыймады-ау деймін бәрін жайып салды.

– Вера! Вера! Верочка! Осы адамдар неге қатыгез, неге тойымсыз? Мен кеше машинасын жөндегендер ақшалылар сияқты. Ресейден, Полшадан машина әкеліп, Ташкентке, Бішкекке, Алматыға үш, кейде төрт есе бағасына қымбатқа сатады екен. Сонда да ақша деп өліп бара жатыр. Менімен келіскен ақшаны бергілері келмей қисаңдағандары бар емес пе, ақыры басшылары: «Тоқтатыңдар бос сөзді, іс бүгінмен бітпейді. Ендігі партиядан машина бұзылса қайтесіңдер, кімге жөндетесіңдер? Бұдан басқа шетелдік көліктерді білетін адам жоқ қой мұнда», – дегесін барып менің ақымды берді. Негізі бұларға сенім жоқ. Байқамаса болмайды екен.

Сашаға жиырма күннен кейін олар тағы да келді, бұл бірнеше машинаны жөндеп, ақшасын алды. Тағы да бұрынғы көңіл-күй, сол жабыңқылық. Біраздан соң ол тағы да бұрынғыдай күйзеле сөйледі.

– Мыналар тура шибөрілер сияқты, таусылмайтын ерегіс, ақшаға таласатын сияқты. Бірінің қойған бағасына екіншісі келіспей жатады. Мен машина жөндеп жатқанда арақ ішіп күтіп отырады ғой. Айтпайтындары жоқ. Москваға барғанша пойыз үстінде жүретін жеңіл жүрісті әйелдерді тауып алып, кезек-кезек ермек етіп барады екен. Тіпті, ақшаларын ішкиімдеріне тігіп алған қалталарында сақтайтын көрінеді. Шарап дегені Әлішер деген басшысымен ұстасып та қала жаздады. Шетелдік машиналарды сатып алар сәтте Шарап іш киіміне жасырылған ақшаны ала алмай қиналса керек, сірә, қалта ауызын қайта-қайта тігіп тастаса керек, соны анау айтып еді, қалғандары мазақ қыла жөнелді. Содан Шарап көтерілсін... Құрып кетсін... Араласқан жоқпын... Бұлар жүйкеметие бастады... Ақшасы да бар болсын... Ендігіде сылтау тауып, бұлардан аулақ жүрген дұрыс екен.

Ол келесі жолы емделіп жүргенін сылтауратып, оларға көмек көрсетуден бас тартты. Сол түні... Сол бір қарғыс атқыр түні Саша екеуі мұның жедел жәрдем қызметіне қабылданғанын кафеде атап өтіп, үйге кеш қайтып келе жатты. Элеватор тұсына келгенде алдарынан бірнеше машинаның фарлары жарқ ете қалды. Фар жарығынан бірнеше адамның бері қарай жүрген сұлбалары көрінді. Саша бұған: «Мыналар солар шығыр. Әрірек барып тығыл», – дегенше олар да жеткен еді. Бұл элеватор ауласының қоршауын бекіту үшін екі метр сайын орнатылған бетон бағаналардың ең жақынын тасалап үлгерді. Аналар келе тиісіп, бұзылған екі машинаны ертең түске дейін дайын қылу керектігін айтып бұйыра сөйлеуде. Сашаның: «Әлішер! Бұл моторға қатысты болса үлгеру мүмкін емес» дегеніне қояр емес. Бір кезде ол: «Жасағың келмей тұр ғой, ә?! Мен көрсетемін саған. Бұл қалада не сен тұрасың, не мен тұрамын...» деді ашуланып.

Осы кезде Сашаның желке тұсында тұрған біреуі қолындағы білем темірмен оны бастан ұрып құлатты. Қалғандары тепкілей бастады. Мұның тығылып, жылағаннан басқаға шамасы да келмей қалды, қорыққанынан ұялы телефонын да ала алмады сөмкеден, тек Саша берген отвертканың тұтқасын қысып ұстай берді. Бір кезде Әлішер дегені:

– «Жетті. Ертең жұмыс істеуге жарамай қалар... Шарап! Мынаның үйін білесің ғой. Ертең ертіп келесің біздікіне, – деді. Сол-ақ екен, барлығы көліктеріне мінді де, лезде көзден ғайып болды. Вера жылаған күйі Сашаның жанына жетті, айқайлайын десе дауысы шықпайды. Қолы дірілдей жәдел жәрдем мен полицияға телефон соқты. Сондағы кезекші полиция қызметкерінің жүйкеге тигені-ай. Бұл қалай қан тоқтатарын білмей жанталаса қимылдап жатса, неден болды, ол кімдер дей ме, әйтеуір неше түрлі сұрақ қойып мыжып тұрып алғаны. Жедел жәрдем тез жетті де, полиция ес-түссіз жатқан Сашаны алып кетпек болып жатқанда ғана келді. Иә... Иә... одан соңғылары бұлыңғыр күндерге ұласып кетті.

...Полиция мұны біраз күн сүйреледі, жауап алды. Бұл көрген-білгенінің бәрін жасырмады. Үш күн өтпей Саша ауруханада көз жұмды. Полиция күдіктілердің машиналарынан айғақ зат – әдетте ел монтировка атайтын дөңгелек камерасын ауыстыруда пайдаланылатын құралды тапқанымен, кейіннен ол жоғалып кетті. Бәрі түсініксіз... Әлішер мен Шарапты әуелі қамағанымен, бір айдан кейін болған сот оларды кінәсіз деп тапты. Бұл соттан екі анасымен бірге жылап шыққан сәтте есік алдында не өзбек, не ұйғыр екені белгісіз біреу: «Енді к... қысып жүріңдер... Әйтпесе өздерің де ана жаққа кетесіңдер», – деді тістене сыбырлап.

Сашаның Ростовта тұратын апасы бар екен, жерлеуге келіп, он бес күндей болды да, үйді сатып, шешесін Ресейге алып кетті. Ой... Ой... Анна Сергеевнаның сондағы жылағаны-ай... Мұны құшақтап, көлікке мінбей тұрып алғаны бар емес пе? Міне, сол кезде Вераның ішінде бірдеме үзіліп кеткендей болды, санасында «Сендерге ме, көрсетермін ақшаның қалай екенін... Сашаның кегін қайтармасам жер басып жүрмей-ақ қояйын» деген ой атойлай жөнелген болатын.

Вера үйдің ең кенжесі болатын, бұл үшке келгенде әкесі, екі ағасы жол апатынан қайтыс болған екен. Бұл оны еміс-еміс біледі... Бұл өмірге келгенде әкесі қырық бесте, анасы қырықта екен, сөйтіп, мына жалғанда тек екеуі ғана қалған. Ал Веранің санасындағы манағы ой нақты жоспарға айнала бастаған тұста анасының зейнетке шығуына үш ай қалған болатын.

Вера енді сырттай Әлішерді аңди бастады. «Құланның қасуына мылтықтың басуы» дегендей бірде Сашаның сыныптасы Максим кездесе кеткені. Ол да Әлішер мен Шараптың сотына қатысып, сот әділетсіздігіне жаны күйіп шыққан болатын.

– Бұлар жауыз ғой, Вера... Қандай жігіттің өмірін қиғандарымен шаруасы жоқ, дым болмағандай тағы да машина әкелуге Москваға кетпек.

– Оны қайдан білдің?

– Қайдан білгені несі? Өздері айтты ғой, кеше менің валюта айырбастау пунктімнен итырғын доллар алды. Осыны әйеліме айтсам, ол да хабардар екен. «Келесі сенбіде Ташкент – Москва пойызына Түркістаннан мінеді», – деп қарап тұр. Мен де сен құсап оған: «Қайдан білдің?» – десем, «Шараптың әйелі бізбен қызметтес емес пе?» – дегені. Солай... Байлар құтырған заман болды ғой...

Сол күннен бастап Вера жоспар құра бастады.

* * *

Бірге оқыған құрбысының қатты науқастанып, ауруханаға түскеніне байланысты Алматыға тығыз барып қайтуы керек екенін айтып Вера бас дәрігердің орынбасарымен келісті, анасы мұның орнына бір-екі ауысымға шығатын болды. Жұма күні кешке Шымкент қаласына жеткен ол сенбі күні Ташкент – Москва пойызы келер алдында вокзал туалетіне кіріп, түрін өзгертуге кірісті. Оқушы кезінен актерлікке жақын болып, мектеп сахнасында талай қойылымдарда түрлі рөлдерде ойнаған еді. Облыстық драматеатрда гример болып қызмет атқаратын анасының таныс әйелі бұған түр өзгертудің небір тәсілін үйреткен болатын. Соның бәрі кәдеге асып, бұл басқа бір адам болып шыға келді. Сөмкесіндегі ұзын отвертканы, үлкен қалың пакетті, пойыз жолсеріктерінде болатын вагон кілтін, түстері бөлек бірнеше орамалды, бір бөтелке арақты тағы бір тексеріп шықты. Пойыз да келіп тоқтады, бұл Әлішер бастаған топтың пойыздың орта тұсындағы вагонға мінгенін көрді де, соларға бір вагон жетпей кілт тоқтады. Тоқтаған бойда ол жолсеріктің өзінен көз алмай тұрғанын әйелдік болмысымен сезді де, оған жақындады.

– Қазалыға дейін ала кетесіз бе?

– Кел...Пожалыста... Пұл бар ма?

Бұл пойызға келісіп отырды. Мұны ол өзінің осы пойызға мінгенін жасыру үшін әдейі жасаған еді, плацкарт вагон екен, жолсерік өзбек төменнен орын тауып берді. Вера жоспарының басы дұрыс іске аса бастағанына шүкіршілік етті. Бір ойы «Вера! Тоқта! Райыңнан қайт!» – десе, екінші ой одан басымдау түседі: «Тоқтама! Неге тоқтайсың. Олар тағдырыңды күл парша еткен жоқ па?! Сашаның кегі ше... Шегінбе!» – дейді.

Пойыз Шиеліден өте ол әлгілердің вагонына қарай бет алды. Жолсеріктің мұнымен шаруасы да болған жоқ. Пойыз ырғағымен сәл теңселе жүріп олардың вагонына да жетті, әлгілер алтыншы купеге жайғасыпты. Төрт елідей ашық тұрған есіктен түрлі тамақ пен арақ иісі еседі, бұл купені шатастырған адам сияқты есікті ашып қарады да: «Кешіріңіздер! Қателесіп кетіппін», – деп есікті ысыра қайта жапты. Сөйткенше болған жоқ, есік қайта ашылып, әлгілердің жасы кішісі болар шамасы, жылмиған бір жігіт тура қарсы алдына тұра қалды.

– Келіңіз, қонақ болыңыз... Сұраймыз...

– Жо-жоқ... Менің вагоным бұл емес екен. Рақмет!

Әлішер де, Шарап та мұны таныған жоқ. Ол әуелі ештеме айтпай, қипақтағанымен, аздан соң ішіне сыймады-ау деймін бәрін жайып салды.

– Вера! Вера! Верочка! Осы адамдар неге қатыгез, неге тойымсыз? Мен кеше машинасын жөндегендер ақшалылар сияқты. Ресейден, Полшадан машина әкеліп, Ташкентке, Бішкекке, Алматыға үш, кейде төрт есе бағасына қымбатқа сатады екен. Сонда да ақша деп өліп бара жатыр. Менімен келіскен ақшаны бергілері келмей қисаңдағандары бар емес пе, ақыры басшылары: «Тоқтатыңдар бос сөзді, іс бүгінмен бітпейді. Ендігі партиядан машина бұзылса қайтесіңдер, кімге жөндетесіңдер? Бұдан басқа шетелдік көліктерді білетін адам жоқ қой мұнда», – дегесін барып менің ақымды берді. Негізі бұларға сенім жоқ. Байқамаса болмайды екен.

Сашаға жиырма күннен кейін олар тағы да келді, бұл бірнеше машинаны жөндеп, ақшасын алды. Тағы да бұрынғы көңіл-күй, сол жабыңқылық. Біраздан соң ол тағы да бұрынғыдай күйзеле сөйледі.

– Мыналар тура шибөрілер сияқты, таусылмайтын ерегіс, ақшаға таласатын сияқты. Бірінің қойған бағасына екіншісі келіспей жатады. Мен машина жөндеп жатқанда арақ ішіп күтіп отырады ғой. Айтпайтындары жоқ. Москваға барғанша пойыз үстінде жүретін жеңіл жүрісті әйелдерді тауып алып, кезек-кезек ермек етіп барады екен. Тіпті, ақшаларын ішкиімдеріне тігіп алған қалталарында сақтайтын көрінеді. Шарап дегені Әлішер деген басшысымен ұстасып та қала жаздады. Шетелдік машиналарды сатып алар сәтте Шарап іш киіміне жасырылған ақшаны ала алмай қиналса керек, сірә, қалта ауызын қайта-қайта тігіп тастаса керек, соны анау айтып еді, қалғандары мазақ қыла жөнелді. Содан Шарап көтерілсін... Құрып кетсін...

Бұл қалжыңдаған болып, аналарды еліктіре түсті.

Алдажар ӘБІЛОВ

(Жалғасы бар)

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор
Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**
Нөмірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Астана	Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.
Алматы облысы	Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы	Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83.
Атырау облысы	Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы	Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы	Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.
Түркістан облысы	Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59.
	Шадияр Мекенбайұлы 87757335665
Батыс Қазақстан облысы	Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
8 708 929 9874, zanmedia.kz

E-mail: zanreklama@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 6218 дана
Апталық таралым 12436 дана

Тапсырыс № 150 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын Zanmedia.kz сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8(727)51-78-27, 8 (727) 51-78-31